




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Конго Демократиялық Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Феликс-Антуан Чисекеди Чиломбоны Конго Демократиялық Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

— Бүгінде Конго өзінің іргетасын нығайтуда, азаматтарының ырыс-берекесін еселеуде, сондай-ақ халықаралық сахнадағы мерейін үстем етуде комақты жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы тұста, Сіздің сындарлы саясатыңыз бен игі бастамаларыңыз мемлекетіңізді биік белестерге жетелей беруіне тілектеспін, — деп жазылған жеделхатта.

ТАҒАЙЫНДАУ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Нұрлан Сауранбаев Қазақстан Республикасының Көлік министрі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Руслан Фатихұлы Жаксылыков Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗДІ

2025 жылғы 23 маусымдағы Кеңейтілген алқа мәжілісінде Мемлекет басшысы берген тапсырма бойынша Президент Әкімшілігі құқық қорғау органдарының қызметіне талдау жүргізді.

Жекелеген күштік органдарға ғана тән кемшіліктермен қатар, жұмыстың тиімділігіне тікелей әсер ететін жалпы проблемалық бағыттар анықталды.

Талдау нәтижелері бойынша кемшіліктерді жою жөнінде нақты ұсыныстар әзірленді, олардың пысықталуын жауапты мемлекеттік органдар қысқа мерзімде қамтамасыз етуге тиіс.

Қабылданып жатқан шаралар, қол жеткізген нәтижелер мен тиісті қорытындылар Мемлекет басшысына баяндалатын болады.

Тапсырманың тиісті орындалуын Президент Әкімшілігі бақылайтын болады.

БЕЛЕС

ЦИФРЛЫҚ ТҰТАСТЫҚ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДАҢҒЫЛЫ

Цифрлық дәуір шындығы – енді ойлау жүйемізді ғана емес, экономиканы, мемлекетті басқару тәсілін де түбегейлі өзгертуі мүмкін. Қазақстан осы жаһандық үдерістен тыс қалған жоқ. Керісінше, оның алдыңғы шебінде болуға ұмтылып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында өткен Еуразиялық экономикалық форумдағы мәлімдемесінде бұл бағыттағы батыл бастамалар айқын көрініс тапты. Жасанды интеллект, жоғары өнімді суперкомпьютерлер, Aem.AI халықаралық орталығы, CryptoCity сияқты жобалар – еліміздің цифрлық болашаққа нық қадам басқанын білдіретін нақты дәлел. Бұл тек ішкі реформа емес, Еуразиялық экономикалық одақпен бірлескен серпінді серіктестікке бастайтын стратегиялық бағдар болмақ. Ендігі міндет – осы мүмкіндікті мүлт жібермей, жаңа технологиялар мен бірегей жобалар арқылы Қазақстанды өңірлік цифрлық көшбасшыға айналдыру.



Президент форум интеграциялық бірлестік қызметінің өзекті мәселелері жөнінде мазмұнды диалог өрбітетін маңызды алаңға айналғанын айта отырып, ЕАЭО елдерінің өзара сауда-саттық үдерісіндегі цифрлық технологиялардың перспективасына тоқталып өтті. Мемлекет басшысы жасанды интеллекттің өндіріс, көлік, энергетика, білім беру сияқты көптеген салада кенінен қолданылып жатқанын, алдағы жылдары ол жаһандық экономикаға триллиондаған табыс әкеліп, жаңа мамандықтардың пайда болуына жол ашатынын атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан бұл салада белсенді қадамдар жасап жатқанын суперкомпьютер іске қосылып, Aem.AI халықаралық орталығы мен CryptoCity жобалары жүзеге асатынын жеткізді. Президент ЕАЭО-ны бұл үдерістен қалыс қалмай, цифрлық бәсекеде алдыңғы қатарда болуға шақырды.

(Жалғасы 4-бетте)

МӘСЕЛЕ

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ ЖҮЙЕНІҢ СЫНАҒЫ МА?

Елімізде жалған дипломмен жұмысқа тұру деректері соңғы жылдары жиілеп кетті. Бұл тек бірреттік алаяқтық емес, тұтас білім беру жүйесіндегі бақылау мен ашықтықтың әлсіздігін көрсетеді. Ал «жалған диплом берудің жолын кеседі» деген бірыңғай дерекқорлар мен онлайн тексеру жүйелері іске қосылғанына бірнеше жыл болды. Мемлекет сенім артқан цифрлы база неге тосқауыл бола алмады? Кемшілік неде?

→ 5



ДОДА

ӘЛЕМ КУБОГЫ – АСТАНАДА



Астанада бокстан әлем кубогының үшінші кезеңі басталды. Бұл – еліміздің World Boxing ұйымына кіргелі өткізген алғашқы турнирі. 30 маусым – 6 шілде аралығында өтетін дүбірлі додаға 30 елден 300-ге жуық боксшы келген. Байрақты бәсекеге дайындық барысында әйелдер құрамасы Ресей спортшыларын шақырса, ерлер құрамасы бірнеше ел өкілін шақырып, қолғап түйістірді.

→ 8

САУДАҒА ТҮСКЕН ТАҒДЫРЛАР...

2024 жылы елімізде алғаш рет «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды. Заң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың адам саудасына қарсы іс-қимыл шараларын күшейту, сондай-ақ вандализм мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыруға бағытталған.



→ 6

АЛАЯҚТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Интернет дәуірінде алаяқтардан қорғану барған сайын күрделене түсуде. Қазір фишингтік әдістер арқылы банк жүйелеріне заңсыз жолмен қол жеткізетін алаяқтардың әрекеті жиілеп барады. Мамандардың айтуынша, адамның сеніміне кіріп, оны алдау арқылы қаржысын иемдену – ең кең таралған қылмыс түріне айналған.



→ 7

1 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

МӘЖІЛІС

VIII САЙЛАНЫМДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтіп, онда депутаттар VIII сайланымдағы үшінші сессияның жұмысын қорытындылады.

Ерлан Қошанов қазіргі сайланымның Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын жүйелі де дәйекті түрде жүзеге асырып отырғанына назар аударды.

— Осы жылдары депутаттар ұдайы президенттік реформалардың алғы шебінен көрінді. Біз әрдайым Мемлекет басшысының жан-жақты ойластырылған, халықтың талап-тілегіне, елдің мүддесіне негізделген стратегиясын басшылыққа алып келеміз. Бұл ұстаным бағыт-бағдарымызды айқындап, күш-қуатымызды бір арнаға жұмылдыруға жол ашты. Парламенттің күнделікті жұмысы ең әуелі осы реформалар мазмұнын одан әрі байытып, нақты іспен қолдауға бағытталған, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Палата Спикері депутаттық корпус Президенттің сайлауалды бағдарламасы аясындағы заңнамалық бастамалардың бәрін дерлік осы сессияда іске асырғанын айтты. Үшінші сессия барысында Парламент палаталарының 3 бірлескен отырысы, Сенат пен Мәжілістің 39 жалпы отырысы өтті. Қос палатаның қарауында 158 заң жобасы болды, оның ішінде 89 заң қабылданды.

Сессия барысында Парламент әлеуметтік саясат пен азаматтардың мүддесі мызғымас басымдық екенін айқын көрсетті. Ол ең алдымен еліміздің негізгі қаржы құжатында — үш жылдық бюджетте көрініс тапты.

Атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау салалары мен әлеуметтік төлемдерге баса мән берілді. Жыл басынан базалық зейнетақы 6,5 пайызға, сабақтас зейнетақы 8,5 пайызға өсті. Әлеуметтік төлемдер көлемі де, алушылар саны да артты. Халықты сапалы сумен қамтамасыз етуге, ауылды қолдауға қосымша қаражат бөлінді.

Мәжіліс Спикері Парламент бұл сессияда маңызды үш салалық кодексті жаңғыртып, жүргізіліп жатқан реформалар талабына бейімдегенін айтты.

— Бұған дейін бірде-бір заң жобасы жаңа Салық кодексі сияқты кең талқылан-



баған шығар. Депутаттар бизнеске артық салмақ салмай-ақ, салық саясатын экономиканың тұрақтылығына, азаматтардың бақуаттылығына бағыттауға қол жеткізді. Қабылданған Бюджет кодексі орнықты экономикалық дамудың, азаматтардың әл-ауқатын арттырудың негізгі тетігіне айналды. Бұл ретте бюрократиядан арылу көзделіп, бюджеттік рәсімдер мерзімдері екі есе қысқарды. Жаңа заңнамалық нормалар Ұлттық қор ресурсының тиімсіз жұмсалыуына берік тосқауыл қояды. Мемлекет басшысы су ресурстарымен қамтамасыз ету жайы нашлап, жаһандық сипат алып келе жатқанын бірнеше рет айтқан еді. Осы мақсатпен еліміздің болашағы үшін стратегиялық маңызы бар құжат — Су кодексі қабылданды, — деді Е.Қошанов.

Мәжіліс Спикерінің айтуынша, осы парламенттік маусымда депутаттар халықтың әлеуметтік көңіл күйіне әсер ететін өзекті мәселелерді шешу жайын назардан тыс қалдырған жоқ. Мәселен, балаларды кешенді түрде қолдау шаралары жалғасын тапты. «Келешек» бірінғай ерікті жинақтаушы жүйесінің заңнамалық негізі жасалды. Депутаттардың бастамасымен дарынды балаларды қолдауға қатысты нормалар енгізілді.

Азаматтардың денсаулығын қорғау мәселесіне бұрын-соңды болмаған дәрежеде назар аударылды. Енді сақтандыру мәртебесіне қарамастан, барлық азаматқа базалық медициналық көмек беріледі. Ұсынылған шаралардың арқасында миллионнан астам қазақстандық қосымша сақтандыру жүйесімен қамтылады.

Бұдан бөлек, міндетті онкологиялық скрининг мемлекеттік тегін медициналық көмек қызметтері тізбесіне енгізілді. Бұл маңызды шара үш жарым миллион адамды қамтиды.

Сонымен қатар қызметтік міндетін атқару үстінде қаза тапқан құқық қорғау органы қызметкерлерінің отбасыларына қолдау көрсету шаралары қолға алынып, 530 отбасына ай сайын төленетін жәрдемақы мәселесі шешілді. Бұл — әлеуметтік әділеттілік жолындағы елеулі қадам.

Бұдан бөлек, тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері жөніндегі заң аясында депутаттар тұрғын үй алуға құқы бар азаматтардың санатын кеңейтті.

— Депутаттар заң мен тәртіп үстемдігін орнату бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Бұл жай ғана қатардағы ұстаным емес. Президент айтқандай, заң мен тәртіп — мемлекеттік құрылыстың басты қағидаты. Сессия бойы депутаттар осы бағдарды берік ұстанды, — деді Ерлан Қошанов.

Атап айтқанда, үлескерлік құрылыс саласында тәртіп орнатуға, халықтың шамадан тыс қарыз алуын азайтуға бағытталған шаралар қабылданды. Депутаттар қаржылық қызмет алушылар құқығын қорғау шараларын күшейтті.

Өршіп келе жатқан кибералақтыққа уақытылы жауап ретінде дропперлер үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді. Депутаттар Президенттің есірткі қылмыстары бойынша жазаны саралау жөніндегі тікелей тапсырмасын заң жүзінде орындады. Осылайша, есірткі өндіру мен оны өткізу арасындағы жауаптылықтың аражігі ажыратылды. Енді есірткі дайындағаны,

өндегені және өндіргені үшін өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылды. Ал мемлекет алғаш рет шалыс басқан есірткі жасырып кетушілердің түзу жолға түсуіне мүмкіндік беріп отыр.

Лудоманиямен күрес бойынша да жұмыс жалғасты. Қоғамды бұл кеселден арылтуға бағытталған қосымша шаралар қабылданды. Ғимараттар мен құрылыстарда, онлайн-платформаларда букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды жарнама-луға тыйым салынды. Депутаттар некеге тұруға мәжбүрлеу ісі үшін қылмыстық жауаптылық енгізді. Сондай-ақ Парламент адамның бет-жүзін тануға бөгет болатын киім киюге де тыйым салды.

Сонымен қатар депутаттар сот жүйесін жаңғырту бағытында жұмысты жалғастырып жатыр. Қазақстан армиясының беделі мен мәртебесін арттыру, ұлттық қауіпсіздікті нығайту ісіне ерекше басымдық берді. Сессияда әскердің әлеуеті мен қорғаныс қауқарын күшейтетін 4 заң қабылданды.

Бұдан бөлек, палата Спикері Мемлекет басшысының бастамасымен Конституцияның 30 жылдығына орай қабылданған Рақымшылық туралы заң нағыз ізгіліктің көрінісі екеніне назар аударды. Амнистия 15 мыңнан астам сотталған адамды қамтымақ. Олардың екі мыңға жуығы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып, қалғандарының жаза мерзімі қысқартылды.

Спикер халықаралық жүйедегі қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде Мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметінің тиімді тетігі ретінде парламенттік дипло-

матияның маңызы зор екенін атап өтті. Сессия барысында депутаттар халықаралық парламенттік ұйымдар аясында белсене жұмыс істеп, 307 халықаралық іс-шараға қатысты, 34 шетел парламентімен ынтымақтастық орнатты.

Тағы бір елеулі іс-шара — Президенттің саяси реформаларын іске асыруға арналған жалпы отырыстың өтуі. Оның нәтижесінде Президент ұстанған бағыт толық қолдау тапқан, ел азаматтарын Әділетті Қазақстан құру жолында бірігуге шақырған қарар қабылданды.

Сессия басталғалы бас-аяғы 11 Үкімет сағаты мен 3 парламенттік тыңдалым өтті. Жоғары аудиторлық палатаның есебі екі рет тыңдалды. Мемлекеттік органдарға 625 сауал жолданды. Депутаттарға екі мыңнан астам адам жүгінген. Кейбір депутаттар күніне 100 азаматқа дейін қабылдаған. Азаматтардың 30 мыңнан астам хаты қаралды.

Сөз соңында Ерлан Қошанов Мемлекет басшысының барлық бастамасының, идеялары мен реформаларының артында қоғамдық сананы жаңғырту деген ұлы мұрат тұрғанына баса мән берді.

— Біз депутаттар заң шығару ісінде осы мақсатты басшылыққа аламыз. Қабылданып жатқан әр заңның өзегінде әділетті, таза, қауіпсіз әрі бақуатты Қазақстан идеясы жатыр. Осы заңда биліктің барлық тармағының өкілдері жиналып отырмыз. Тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғау, ұлттық мүддеге қызмет ету — бәріміздің ортақ парызымыз. Бұл — біздің халқымыздың, келер ұрпақтың және Президенттің алдындағы жауапкершілігіміз. Бірлігіміз бекем болса ғана Мемлекет басшысы белгілеп берген биік межелерді бағындырамыз, — деп өз сөзін түйіндеді Мәжіліс Төрағасы.

Жиын соңында палата Спикері Үкімет мүшелеріне, Сенат пен Мәжіліс аппараттары қызметкерлеріне, азаматтық қоғам мен сарапшылар қатарындағы серіктестерге қажырлы еңбектері үшін алғысын білдіріп, заң шығару жұмысын жоғары деңгейде жариялап көрсеткен баспасөз өкілдеріне рақмет айтты.

Бірлескен отырысқа Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Мемлекеттік кеңесші, Президент Әкімшілігінің басшысы, сонымен қатар Конституциялық соттың, Жоғарғы соттың, Жоғары сот кеңесінің, Орталық сайлау комиссиясының төрағалары, Үкімет мүшелері, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің басшылары және Президент Әкімшілігінің, Үкімет аппаратының, Парламент палаталары аппараттарының жауапты қызметкерлері қатысты.

С. БЕГІМБАЙ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ЖҰМСАЛДЫ

Қаржы министрлігінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 2025 жылдың 27 маусымында Арнаулы мемлекеттік қорда жинақталған ақша 103,4 млрд теңгеге жеткен. Қазақстаннан заңсыз жолмен шығарылған активтерді мемлекет меншігіне қайтару мақсатында 2023 жылдың 12 шілдесінде «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қабылданды. Оның ережелерін іске асыру үшін «Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» құрылып, оған мемлекеттің еншісіндегі активтерді қабылдау, сақтау және сату міндеттері жүктелді.

«Аталған қаражат Арнаулы мемлекеттік қорға тікелей аударылады. Қалған активтер (жылжымайтын мүлік, көлік және т.б.) ҚАБК басқаруына өтіп, сатуға қойылады. 2025 жылдың 27 маусымында Арнаулы мемлекеттік қорда жинақталған ақша 103,4 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте жиынтық түсімдердің көлемі 433,3 млрд теңгеге, ал шығыстардың сомасы 329,9 млрд теңгеге артқан», — делінген хабарламада.

ҚАБК қазірдің өзінде 34 млрд теңге сомаға 48 активті сатты. Актив орналасқан елдің заңнамасына сәйкес шетелде мүлкі сатуды қоса алғанда, тиісті жұмыс жалғасып жатыр. Тарихи-мәдени маңызы бар құнды нысандар (ерте темір дәуірі мен орта ғасырлардағы жәдігерлер) ғылыми



зерттеулер үшін Ұлттық музейдің тұрақты коллекциясына берілді.

Жалпы сомасы 318,1 млрд теңге болатын Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты 406 әлеуметтік маңыздағы жобаны қаржыландыруға бағытталды. Қаржыландырудың негізгі көлемі сумен жабдықтау (160,6 млрд теңгеге 230 жоба) және денсаулық сақтау саласына (100,4 млрд теңгеге 162 жоба) жұмсалды. Сондай-ақ білім беру (24 млрд теңгеге 10 жоба) мен спорт саласындағы (33,1 млрд теңгеге 4 жоба) жобаларды да қаржыландыру жоспарланған.

2025 жылдың 13 маусымында өткізілген Республикалық бюджет комиссиясының отырысында 80 млрд теңгеден астам сомаға 73 жобаны қаржыландыру мақұлданды. Оның ішінде Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің бағытына байланысты, атап айтқанда, 63 жоба еліміздің

қалалары мен ауылды елді мекендеріндегі сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға бағытталған. Тек Абай, Ақмола, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және басқа облыстардың ауылды жерлерінде 50-ден астам нысан жаңғыртылатын болады.

Бұдан басқа Су ресурстары және ирригация министрлігінің Түркістан, Ақмола, Атырау, БҚО және СҚО-да 30 млрд теңгеге жуық қаражатқа топтық су құбырларын салу мен жаңартуға қатысты 8 жобасын іске асыруға қаржылай қолдау көрсетіледі. Сонымен қатар Қостанай облысында Ғылым және жоғары білім министрлігінің 1 жобасы (Арқалықтағы инфрақұрылымды дамытуға арналған ғимаратты 1,9 млрд теңгеден астам сомаға жаңғырту) мен Туризм және спорт министрлігінің 1 жобасы (Көкшетау қаласында 12,6 млрд теңгеден астам сомаға көпфункционалды кешен салу) қолдау тапты.

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ЖӨНДЕУГЕ ҚАРЖЫ БӨЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Үкімет резервінен Шығыс Қазақстан облысындағы жылу желілерін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге 2,5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Премьер-Министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды.

Құжатқа сәйкес, қаражат Риддер қаласы мен Қ.Қайсенов кентінің жылу желілерінде жөндеу жұмыстарын аяқтауға бағытталды. Бөлінген қаржының негізгі бөлігін Риддер қаласының жылу желілерінің ең қатты тозған 5,9 шақырым учаскесін күрделі жөндеуге жұмсау жоспарланып отыр. Ұлан ауданы Қ.Қайсенов кентінде ұзындығы 9 шақырым жылу желілерін реконструкциялаудың екінші кезегін аяқтауға 113 млн теңге бағыттау жоспарланған.

Жалпы, Шығыс Қазақстан облысының елді мекендерінде жылу желілері 30 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келеді. Осы кезеңде оларға күрделі реконструкция жасалған жоқ. Тозу деңгейі орта есеппен 55%-дан, ал жекелеген елді мекендерде 75%-дан асады.

Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің резервінен екі қазандық агрегатын жөндеуге, №5 редукциялық-салқындату қондырғысының технологиялық үдерістерін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге, сондай-ақ Риддер қаласының ЖЭО-ның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін электротехникалық жабдықтың бір бөлігін ауыстыруға шамамен 1,7 млрд теңге бөлінді. Сонғы екі жылда қалада жөндеу жұмыстары төтенше жағдай кезінде, ЖЭО-ны тезірек іске қосу және жылу желілерін жөндеу қажеттілігіне байланысты жүргізілді. Жедел әрекет етудің арқасында екі жыл ішінде тозу 82%-дан 66,8%-ға дейін төмендеді.

Ә.МҰХАНБЕТ



АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ



Өткен аптада еліміздің түкпір-түкпіріндегі «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 2,5 мыңнан астам өтініш түсті. Жалпы саны 250-ге жуық азамат қабылданып, шамамен мыңға жуық адамға әлеуметтік қолдау, медицина қызметі, еңбек қатынастары және өзге де мәселелер бойынша нақты көмек көрсетілді.

Мәселен, елорда тұрғындары өздерінің меншік құқығы бұзылғанын айтып, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Данабек Исабековтен көмек сұрады. Алматы қаласының тағы бір тұрғыны полицияның әрекетіне және еңбек құқығының бұзылуына шағымданды.

Сондай-ақ шымкенттік азамат балаларға арналған инновациялық қонақүй ашуды ұсынса, Ақтөбе қаласының тұрғыны жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді сұраған. Депутат бұл мәселенің барлығын жеке бақылауына алып, тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныстар жолдады.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Самат Нұртаза биыл көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Ақмола облысының тұрғынымен кездесті. Депутат азаматқа мемлекет тарапынан берілетін өтемақыны алу тәртібін түсіндіріп, мүлікті бағалау процесін жеделдетуге көмектесетінін айтты. Сонымен қатар азаматтарды қабылдау барысында жастар тәрбиесі, хиджаб кию, медициналық көмек алу сияқты әртүрлі мәселе көтерілді.

Азаматтарды қабылдағандардың қатарында Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев та бар. Павлодар тұрғыны білім беру саласындағы мемлекеттік сатып алуларда болған занбұзушылықтар жөнінде айтты. Оған құқықтық кеңес беріліп, ұсынған құжаттары бақылауға алынды. Ұзынағаш ауылынан келген өтініштер мұғалімдердің жалақысы мен өнер мектебінің құрылысын қамтыды. Бұл мәселелер зерттеліп, тиісті органдарға сұраныс жіберілді. Астана тұрғыны балаларға вакцина салудың салдары туралы айтып, мәселе медициналық сарапшылардың қарауына жіберілді. Ал Қонаев қаласының тұрғыны ауған соғысы ардагерлерінің мәртебесін Ұлы Отан соғысына қатысушылармен теңестіруді ұсынды. Бұл бастама жан-жақты зерттелетін болды. Сонымен қатар қорғаныс саласының ардагерлерін әлеуметтік қамсыздандыру және медициналық қызметпен қамтамасыз ету мәселелері де қозғалды.

Кеше «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбеталиев Ордабасы ауданына арнайы іссапармен барып, партияның Сайлауалды бағдарламасы аясында әзірленген Жол картасының орындалу барысымен танысты.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Іссапар барысында облыстық мәслихат депутаты Ғани Райымбеков, Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев, облыстық партия филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрсынбаев, аудандық партия филиалының төрағасы Әлиасқар Бердімұрат, аудандық мәслихат төрағасы Бақдәулет Жұмабеков, сондай-ақ аудандық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Нұрзат Ортаймен бірге бірқатар білім беру нысанын аралап, құрылыс жұмыстарының жай-күйін зерделеді.

Бақылау тобы алдымен Ақбұлақ ауылында бой көтеріп жатқан «Жайлы мектеп» жобасының құрылысымен танысты. Бұл жоба Samruk-Kazyna Construction АҚ-ның тапсырысы бойынша, AR KUA GROUP ЖШС мердігерлігімен іске асуда. 2023 жылы басталған құрылыс 2025 жылға өтпелі. Қазір нысанда ішкі әрлеу, фасад және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен комиссия мүшелері құрылыс барысында бірқатар кемшілікті атап, оларды шұғыл жою, сапаны бақылау және белгіленген мерзімде аяқтауды қатаң тапсырды.

Келесі нысан — Ынтымақ ауылында салынып жатқан 200 орындық мектеп. Мұнда Түркістан облыстық құрылыс басқармасының тапсырысы негізінде

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ – ПӘРМЕНДІ ТЕТІК



«КДСМ» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатыр. 2024 жылы басталған бұл нысан да 2025 жылға өтпелі. Қазір ғимараттың қабырғаларын қалау жұмыстары аяқталуға жақын. Бақылау барысында нысанның 80 пайызға жуық дайын екені анықталды. Қаржы толық бөлінсе, мектепті қыркүйек айында пайдалануға беру мүмкіндігі бар екені айтылды.

Үшінші нысан — Шұбарсу ауылындағы 600 орындық мектеп. Құрылысты «Дос и К» ЖШС атқарады. Жоба құны — 2,7 миллиард теңгеден астам. Қаржысы толық қаралған, құрылыс мерзімі — 2025 жылдың желтоқсанына дейін. Қазір қосымша корпусстың құрылысы жүріп жатыр. Алайда мердігер тарапынан жұмысшылар санының аздығы байқалды. Осыған байланысты

комиссия мердігер мекеме өкіліне жұмыс қарқынын арттырып, адам санын көбейтуді және құрылыс сапасын басты назарда ұстауды тапсырды.

Партияның Жол картасында көрсетілген барлық әлеуметтік нысандарға арнайы партиялық бақылау бекеттері орнатылған. Бұл бақылау жүйесі құрылыс барысындағы кемшіліктер мен кешігулердің алдын алып, халыққа уәде етілген нысандардың сапалы әрі уақытлы аяқталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Облыстық партия филиалының төрағасы Алтынсары Үмбеталиев аталған нысандарды аралау кезінде кейбір мектептердің 1 қыр-күйекке дейін аяқталуына күмән келтіріп, жауапты мердігерлерге және тиісті сала басшыларына нақты ескертулер жасады.

АУЫЛҒА КӨГІЛДІР ОТЫН КЕЛДІ



«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Түркістан облысы Арыс қаласына қарасты Көкжиде елді мекеніне газ тартылды. Бұл – шалғай ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту бағытында жасалған нақты қадам.

Салтанатты іс-шараға Арыс қаласының әкімі Қайсар Манқараев пен «AMANAT» партиясы Арыс қалалық филиалының төрағасы Бактығали Ділдібеков қатысты. Олар тұрғындарды құттықтап, партияның

Жол картасы жүйелі жүзеге асып жатқанын атап өтті.

«Тәуелсіздіктің басты игілігі — ауылдарымыздың өркендеуі. Партияның Жол картасы осындай маңызды инфрақұры-

лымдық жобалар арқылы халықтың тұрмыс жақсартуға бағытталған. Көкжиде тұрғындары үшін бұл ерекше есте қалар күн. Әр шаңыраққа жылу мен береке тілеймін», — деді Қайсар Манқараев.

Қала әкімі мен партия филиалының төрағасы ауылда алғашқылардың бірі болып көгілдір отынға қосылған Талғат Райбековтің шаңырағына барып, ізгі тілектерін жеткізді. Өз кезегінде ауыл ақсақалдары қыста көмір жағып, күл шығаратын әуре-сарсаннан құтылғандарына ризашылығын білдірді.

«Көгілдір отын ауыл тұрғындарының тұрмысын жеңілдетеді. Міне, біздің ауылымызға да газ тартылып, қуанып жатқан жайымыз бар. Бұл — ауыл тұрғындарының көптен күткен арманы», — деді Талғат Райбеков.

Айта кетейік, бүгінде Көкжиде елді мекенінде 153-тен астам абонент газға қосылу мүмкіндігіне ие. Яғни, мыңнан астам тұрғынның тұрмысы жеңілдеді деген сөз. Сондай-ақ биыл мамырда партияның Жол картасы аясында Байыркұм ауылы да табиғи газға қосылды. Алдағы уақытта Жиделі және Аққала ауылдарына да көгілдір отын жеткізу жоспарлануда. Жыл соңына дейін Арыс қаласының орталығы толық газдандырылмақ.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА – ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ: АҚМОЛАДА АУҚЫМДЫ БЕЙІМДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарының аяққа тапталмай ел қатарлы болуына қамтамасыз ету әрі әлеуметтік тұрғыдан қолдау мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі десек қателеспейміз. Бұл бағыттағы стратегиялық жұмыстармен қатар арнайы әлеуметтік жобалар да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Мәселен, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламаларының Жол карталарында арнайы жобаларының бірі де дәл осы мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету, олардың қоғам өміріне белсене араласып өз орнын табуына, сондай-ақ жайлы өмір сүруіне мүмкіндіктер туғызу болып отыр.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Елорданың іргесіндегі Ақмола облысында да «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламалары бойынша Жол картасы шеңберінде ерекше қажеттіліктері бар мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған әлеуметтік және көліктік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу бойынша ауқымды шаралар жүзеге асырылуда. Партияның Ақмола облыстық филиалының мәліметінше, бұл шаралар инклюзивті орта қалыптастырып, әрбір азамат үшін тең мүмкіндік жасауға бағытталған.

Жалпы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың соңына дейін республика көлемінде 22 777 әлеуметтік нысан толықтай бейімделген. Бұл нысандардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерінің бар екенін атап өткен жөн. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өміріне бейімделуіне арналған бұл нысандардың маңыздылығы да аса жоғары.

Ақмола облысында да аталған бағыт барынша қарқын алған. Партия филиалының дерегінеше өңірде бүгінде дәл осы бағытта максатты жұмыстар қолға алынған.

Ресми деректерге көз жүгіртсек, жалпы саны 1 037 нысан толықтай бейімдеуден өткізіліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың еркін жүріп-тұруына жағдай жасалған.

Сондай-ақ «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Көкшетау қаласындағы әлеуметтік маңызы бар нысандарды қосымша бейімдеу бойынша партиялық бақылау да жүзеге асырылыпты.

Қалада барлығы 1 720 әлеуметтік нысан тіркелсе, соның ішінде 1 026 нысан, яғни 59,6 пайыз мүмкіндігі шектеулі жанға бейімделген. Биыл «Кедергісіз келешек» жобасы шеңберінде Көкшетауда 192 нысанда бейімдеу жоспарланған. Олардың ішінде білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, мәдениет, спорт және әлеуметтік қорғау мекемелері бар. Қазір солардың 32-сі толық бейімделіп үлгерді, — дейді «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ақманат Әлімбетова.

Расында да, мемлекет пен қоғамның күш-жігерінің нәтижесінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолайлы әрі қолжетімді орта қалыптасып келеді. Бұл — елдегі әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің, сондай-ақ әр азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік берудің нақты көрінісі екені анық.

АҚБЕЛДЕГІ ҚОНЫСТОЙ

Қарағанды облысына қарасты Бұқар жырау ауданы Ақбел ауылында қоныстой ерекше тойланды. Ақбелдіктер Әсия Қабдолла туралы «AMANAT» партиясының әлеуметтік желідегі парақшасынан оқып білген. Соның арқасында ауыл тұрғындары 6 баласы бар жалғыз-басты анаға үйлі болуға көмектесті.



Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Жомарт халық қиын жағдайда далада қалған әйелді 6 баласымен бірге өз ауылдарына көшіріп алды. Көпбалалы ана Әсия Қабдолла 41 жаста, кіші баласы 5 жаста болса, үлкені 15 жасқа енді толады. Көпбалалы ана ең алдымен «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалынан көмек сұраған екен. Белсенділер әлеуметтік желі арқылы Әсияға көмектесуге ұйғарды. Әйелдің айтуынша, оны күйеуі бірнеше жыл бұрын өрімдей балаларымен тастап кеткен. Басындағы пәтерін баласын емдеу үшін сатып жібереді де Өскеменнен Қарағандыға көшіп келеді. Балапаны сауықты. Алайда бірнеше жылда несиден несие алып ары-бері пәтер жалдап көшіп жүрді. Уақытша оналту орталықтарын да сауғалапты. Ақыры күнелту қиынға соққан соң балаларының ұстаздарының кеңесімен «AMANAT» партиясынан көмек сұрайды. Белсенділер дереу әлеуметтік желі арқылы қайырымды жандарды іздей бастаған. Көмекке Бұқар жырау ауданына қарасты Ақбел ауылының тұрғындары көмекке келіп, қол ұшын берді. Отбасына ауылды көрсетіп, ұнатқан соң көшіріп алған.

— Басында тұруға үй таптық. Керек заттармен қамтамасыз еттік. Алдағы уақытта бұл кісіні жұмысына орналастырып, тағы да басқа үлкен үйге көшірмесі деген ниетіміз бар, — дейді ауыл тұрғыны Абай Жапаров.

Тұрғындар ақша жинап азық-түлік уақытша баспана берумен тоқтамайтын-дарын айтады. Ұстаздарға Әсияның балалары да қатты ұнаған, шетінен білімге құштар дейді. Ендігі мақсаттары — Әсияны мектеп асханасына немесе салынып жатқан фельдшерлік-акушерлік пунктке жұмысқа орналастыру. Алайда көпбалалы ананың өтелмеген несиелері бар, шоттары бұғатталған. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында арнайы комиссия борышкерге кешірім беруді қарап жатыр. Әсияның бар тілегі — қарыздарына кешірім алу. Сонда ғана ол ресми түрде жұмысқа орналасып, өз кәсібін бастай алады.

— Ақбел ауылының тұрғындарына, әкімдікке, мұғалімдерге, осында жол сілтеген «AMANAT» партиясының қызметкерлеріне өте қатты ризамын. Менің балаларым да осы халықтың үмітін ақтайтын мықты бір азамат болатынына сенімдімін. Менің ризашылығым сол болады деп ойлаймын, — деді ана.

ҚОҒАМ

1 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

БЕЛЕС



(Соңы. Басы 1-бетте)

А Кәмила ДҮЙСЕН

— Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай цифрландыру мен жасанды интеллект әлемдік ішкі жалпы өнімге 15 триллионнан астам табыс әкеледі, 300 миллионға тарта жұмыс орнын алмастырып, мүлдем жана мамандықтардың пайда болуына ықпал етеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, дүниежүзінде жасанды интеллект саласындағы бәсекелестік күшейіп келеді. Еуразиялық экономикалық одақ ғаламдық үдеріс көшінен кеш қалмауы керек.

— Енді ғана қалыптасып келе жатқан цифрлық әлем тәртібіндегі рөлімізді күшейтуге орайлы сәт туды. Мұны дер кезінде пайдалану маңызды. Әрине, кез келген технологиялық революция сияқты жасанды интеллектінің де қатері жоқ емес. Технологияға қолжетімділік теңсіздігі, дәстүрлі жұмыс орындарының қысқаруы, цифрлық дербестіктің шектелуі, жаһандық цифрлық монополияға тәуелділік секілді қауіптер бар. Яғни, дамуы жоғары деңгейдегі елдердің үркердей тобы осы үдерісте көш бастап, әлемнің басқа бөлігі соңында қалуы мүмкін. Менің ойымша, ЕАЭО бұл процестің алдыңғы шебінде болуға тиіс, тым болмаса артта қалып қоймауымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның келесі жылғы Жоғары Еуразиялық эко-

номикалық кеңеске төрағалығы аясында жиындардың бірін жасанды интеллектінің дамуына арнауды ұсынды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы стратегиялық маңызды саладағы әлеуетті нығайту үшін елімізде атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

— Қазақстан ынтымақтастыққа ашық. ЕАЭО-ға мүше елдерді инновациялық кластерлерді, технопарктер мен стартап-инкубаторларды бірлесе іске қосуға шақырамыз. Ондағы ғылыми ізденістер мен технологиялар кейін табысты коммерциялық жобаға айналуы мүмкін, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, озық цифрлық технологиялар өзара сауда-экономикалық ынтымақтастығымызға тың серпін бере алады. Сондай-ақ ол цифрлық трансформацияны еуразиялық интеграцияның негізгі қозғаушы күші ретінде атап өтті. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ экономикалық саясатты талдау бөлімінің бас сарапшысы Әсел Әбеннің айтуынша, одақтың болашағы осындай технологияларға инвестиция салуға тікелей байланысты.

— ЕАЭО — ауқымды нарық. Оның болашағы цифрлық дәуірге бейімделу, проактивті әрекет ету және білім мен технологияға инвестиция салуға байланысты. Президент е-commerce, электронды құжат айналымы мен автоматтандырылған логистиканы ЕАЭО-ның негізгі элементтері ретінде атап өтті. Сонымен қатар ЖИ-ді интеграциялау одақты модернизациялауда маңызды қадам болатынын айтты. Өйткені ЖИ-ді негізгі салаларға енгізу арқылы

өнімділік пен инновация артады, бұл жаһандық нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті күшейтеді. Біртұтас цифрлық экономикалық кеңістік ЕАЭО елдерінің орнықты дамуына жол ашады, — дейді ол.

Сарапшы сөзіне сүйенсек, Қазақстан цифрландыруда елеулі нәтижелерге қол жеткізген. Ел БҰҰ-ның электронды үкімет рейтингінде — 24-орында, IMD World Digital Competitiveness-2024 тізімінде — 34-орында, ал онлайн қызметтер бойынша әлемнің үздік ондығына енген. Қазақстандық IT қызметтер бүгінде 90 елге экспортталады. Бұл — саланың жаһандық нарықта табысты бәсекелесе алатынын көрсетеді. Сол себепті маман еліміздің ЕАЭО-ның цифрлық кеңістігін дамытуға салмақты үлес қоса алатынына сенім білдірді.



Қазақстанның ЕАЭО елдеріне экспорты екі еседен астам өсіп, 5,1 млрд доллардан 11 млрд долларға жетті. Одаққа мүше елдерден тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі де айтарлықтай өскен: 2015 жылғы 0,6 млрд доллардан 2024 жылы 4 млрд долларға дейін жетіп, алты есеге артқан.

Ал Қазақстан ЕАЭО-ға мүше болған соңғы 10 жылда қандай нақты экономикалық пайда көрді деген сауалға ол еліміздің ЕАЭО мүше мемлекеттермен өзара сауда көлемі 87,1%-ға артқанын атап өтті.

— 2015 жылы бұл көрсеткіш 16,3 млрд доллар болса, бытыр 30,5 млрд долларға жетті. Үшінші елдермен сауда көлемі де 84,4%-ға өсіп, 60,2 млрд доллардан 111 млрд долларға дейін көбейді. Қазақстанның ЕАЭО елдеріне экспорты екі еседен астам өсіп, 5,1 млрд доллардан 11 млрд долларға жетті. Тауар номенклатурасы кеңейіп, логистикалық байланыстар нығая түсті. Одаққа мүше елдерден тартылған тікелей

шетелдік инвестициялар көлемі де айтарлықтай өскен: 2015 жылғы 0,6 млрд доллардан 2024 жылы 4 млрд долларға дейін жетіп, алты есеге артқан. Одақ аясындағы еркін сауда келісімі қазақстандық бизнес үшін тиімді жағдайлар туғызды. Бірыңғай келендік реттеу қағидалары арқасында құжат рәсімдеу жеңілдеді, брокерлік және уақытша сақтау қызметтеріне сұраныс азайды. Одақ елдерінің бірінде рәсімделген құжаттар бүкіл аумақта жарамды. Бірыңғай көлік кеңістігі жүктердің еркін қозғалысына жол ашты. Сонымен қатар ЕАЭО-ның транзиттік әлеуетін қалыптастыруда еліміз шешуші рөл атқаратын мемлекет. Өйткені Қазақстан аумағы арқылы 13 халықаралық көлік дәлізі өтеді — оның бесеуі теміржол, сегізі автожол. Солтүстік және Еуразиялық бағыттар, сондай-ақ «Солтүстік — Оңтүстік» және Транскаспий халықаралық көлік бағыты маңызды рөл атқарады. Бұл маршруттардың маңызды артып келеді. Елде жол-көлік және теміржол инфрақұрылымы жаңартылып, мультимодальды хабтар құрылуда. Мұның бәрі ЕАЭО елдерін Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия нарықтарымен байланыстырады, — дейді ҚСЗИ сарапшысы.

Сөз барысында маман санкциялық қысым мен жаһандық жеткізу тізбектерінің өзгеруі аясында еліміздің инвестициялар мен өндірістік қуатты тарту орталығына айнала алатынын жасырмады.

долларын құрады, оның 4 миллиарды — ЕАЭО елдерінен. БҰҰ-ның ЭСКАТО агенттігі мәліметінше, Қазақстан 2024 жылы Солтүстік және Орталық Азияда жана жобаларға инвестиция тарту бойынша көш бастады — 15,7 млрд доллар. Алайда 2024 жылы жалпы инвестициялар көлемі 28%-ға қысқарды. Бұл — пайдалы қазбалар, әсіресе мұнай-газ саласындағы инвестициялардың азаюымен байланысты. Дегенмен сауда және IT салаларында өсім байқалды, — деді Әсел ханым.

Сарапшы сөзін қорытындылай келе инновациялық және өнеркәсіптік кооперацияны күшейту маңызды екенін жеткізді. Сондай-ақ ол үшінші елдермен және интеграциялық блоктармен келісімдер желісін қалыптастыру қажеттігін әрі бұл жана өткізу нарықтарын және инвестициялық мүмкіндіктерге жол ашатынын айтты.

Жиыннан соң CryptoCity жобасына көпшілік тарапынан қызығушылық туғызған болатын. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, болашақта бұл ерекше жоба Алатау жана қаласының аумағында жүзеге асуы мүмкін. Министр бұл бастаманы Қазақстан Президентінің стратегиялық жобаларының бірі деп атап өтті. Расымен де, бұл — тек экономикалық емес, технологиялық өрлеудің де жана парағы болуы мүмкін.

«CryptoCity — бұл жай ғана қала емес. Бұл жерде криптовалюта өмірдің бір бөлігіне айналады. Адамдар мейрамханаларда тамақтанып, үйлер сатып алып немесе инвестицияларын криптовалюта арқылы жүзеге асыратын болады. Бұл — елімізді цифрлық экономикада алдыңғы қатарға шығаратын маңызды қадам», — деді БАҚ өкілдеріне пікір білдірген министр.

Ж.Мәдиевтің пікірінше, мұндай қаланың пайда болуы елге шетелдік инвесторлармен қатар талантты IT-мамандар мен әзірлеушілерді тартуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде экономикалық өсім мен инновациялық серпінге жол ашады. Алайда мұндай бастама инфрақұрылыммен ғана шектелмейді. Ең алдымен заңнамалық және нормативтік негізді қалыптастыру қажет. CryptoCity аумағында криптовалюта ашық айналымда болуы үшін, оған ыңғайлы құқықтық орта жасалып, заманауи цифрлық ережелер бекітілуі керек. Сондықтан Президент бастамасы — бұл болашаққа батыл қадам. Егер жоба сәтті жүзеге асса, CryptoCity Қазақстанды Орталық Азиядағы блокчейн мен криптоэкономиканың басты орталығына айналдырып, елдің цифрлық мәртебесін әлемдік деңгейге шығарары сөзсіз.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Құқық қорғау органдарымен қатар барлық басқа ведомство түрлері және жалпы көпшілік нашақорлыққа қарсы күрес жүргізіп жатса да, бұл дертке тәуелділіктен арыла алмай отырмыз. Әсіресе, жастар арасындағы есірткіге елітіп, өткінші ғана рақат үшін бар өмірін құрбандыққа шалып жібергендердің жасарып бара жатқаны жанды ауыртады. Өкініштісі сол, жасөспірім балалар мен жастардың нашақорлықтың «әліппесін» дәріханалар арқылы өтіп жатқаны көпшіліктің санасына кіріп те шықпай тұр. Кәдімгі дәріханаларда сәмсап тұратын препараттардың құрамындағы есірткі заттарының болуы бүгінгі қоғамға аса зор кері ықпалын тигізе бастаған. Дәріхана арқылы қолға оңай түсетіндіктен, жастар мұндай дәрілерді еш қиындықсыз-ақ сатып алады. Сала мамандары мен құқық қорғау органдарының мәліметінше, мұндай қауіпті дәрі-дәрмек қазір тек дәріханалар мен емдеу мекемелерінде емес, мектептер мен кәдімгі үйлердің подъездерінен-ақ сатып алу мүмкіндігі бар.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Дәріхана арқылы таралатын мұндай нашақорлық пен есірткі саудасы Ақмола өңірін де қатты алаңдатып отыр. Бұған аймақтағы нашақорлық дертіне тап болған адамдардың, сондай-ақ дәріханалардан «сауда» жасағандардың еселеп артуы айқын дәлел болмақ. Тек жыл басынан бері облыс аумағында дәріханалардан заңсыз түрде рецептуралы психотропты препараттарды сатып алынған 53 адам тәртіп сақшыларының құрығына ілінгені мәлім болды.

Бұл аса ауыр есірткі түрлерімен қатар дәріхана арқылы таралатын нашақорлықтың да іс жүзінде аса үлкен қарқынмен дамып келе жатқанын айғақтап береді. Ерекшелігі сол, ауыр есірткі түрлері қолға оңай жолмен түспейтіні әрі бағасының қымбаттығымен



қолжетімсіз болса, дәріхана арқылы таралатын есірткінің жасөспірім балалар мен жастардың да оңай жолмен ала алатыны аса зор қауіп тудырады. Өйткені дәріханалық препараттарға тәуелділікке ұшыраудың арты көп жағдайда аса ауыр есірткі түрлерін тұтына бастайтын алғашқы қадамға айналатыны мәлім. Бұл өз кезегінде одан әрі нашақорлыққа тәуелділікке жеткізетіні белгілі болып отыр.

Өңір прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының мамандары дәріханалар арқылы ашық саудаға түсіп, есірткіге еліткендердің «оңай олжасына» айналатын, есірткілі препараттар жастардың болашағына аса зор қауіп төндіріп жатқанын ашық айтып отыр.

— Өкінішке қарай, бәрі кәдімгі қарапайым дәріханалар арқылы емін-еркін түрде сатылып жатқан дәрі-дәрмектер арқылы кеңінен таралып жатқанын атап өтпеске болмайды. Мәселен, дәріханаларда сәмсап тұрған трамadol таблеткаларының құрамында кодеин шәрбатының аса мол болатыны анықталып отыр. Мұндай дәрі-дәрмектер дәріханалар арқылы тіпті балаларға дейін қолжетімді. Есірткіге еліткендер мұндай дәрі-дәрмектерді заңды өрескел түрде бұза отырып, дәріханалардан-ақ сатып ала алады. Сонымен қатар «Бармақ басты, көз қысты» жолымен де қажет адамды тұтынушы еш қиындықсыз тауып, құрамында есірткісі

бар дәрілерді қолға түсіре алады, — дейді Ақмола облысының прокуроры Руфат Құттықов.

Мамандар мен құқық қорғау саласы өкілдерінің айтуынша, құрамында есірткі түрлері бар дәрі-дәрмектердің осылайша таралуы, әсіресе жастар арасында оның қолжетімді әрі қауіпсіз жолмен алуға болады деген жалған сезім тудырады. Заң алдындағы



Облыс прокуратурасы дәріханалық нашақорлықтың таралуының алдын алу және жою мақсаты құқық қорғау органдарын ғана алаңдатып қана қоймай, әрбір қоғам мүшесінің оған бейжай қарамау қажеттігіне назар аударып отыр.

жауапкершілік пен өзінің алдағы өмірі мен болашағына аса зор қатер төндіретінін ескермегендіктен, есірткіге еліткендердің көбеюіне себеп болған.

Сала мамандарының пікірінше, дәріханалар арқылы таралатын құрамында есірткісі бар дәрі-дәрмектерді тұтынушы

алғашқы кезеңінде адамның бар тәні босансығандай сезініп, рақаттана бастайды. Одан әрі тұтыну мөлшері де көбейе береді. Әрі қарай ағзаның өзі мұндай дәрі-дәрмектерге әбден еті үйреніп, әдеттегідей қалыпты жағдайға айналады. Тіпті, құрамында есірткісі бар дәрілерді тұтыну ешқандай да әсер етпегендей күй кешеді. Сондықтан да дәл осындай сәттерде есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдардың көпшілігі дәрі-дәрмектерді қойып, айтарлықтай күші жоғары тіпті заңмен тыйым салынған есірткі заттарын да іздей бастайтыны мәлім болды.

Осылайша, бүгінде емін-еркін таралып жатқан «қауіпті» дәрілердің түптің-түбінде шынымен де нашақорлықтың аса ауыр түрлеріне тәуелділікке әкелетін «қақпаға» айналған. Яғни, бір қарағанда зәредей де зияны жоқ болып көрінгенімен, есірткі құрамды дәрі таблеткалары адам тағдырының тас-талқанын шығаратын тозақ билетіне айналып шыға келеді.

Көп жағдайда мұндай мәселелер дәріханаларда рецептімен ғана берілетін дәрі-дәрмектердің тамыр-таныстық арқылы, тіпті кейде ештеңе сұрамастан-ақ босатылып, бақылаусыз түрде сатылатыны аса үлкен қиындық тудырады. Бұл өз кезегінде заңның өрескел түрде бұзылғанымен қоймай, қоғамның қауіпсіздігіне аса зор қатер

түрінде, ал фармацевтикалық саланың қызметкерлері үшін лицензия әрекетін мүлде тоқтатуға дейінгі жауапкершіліктің қарастырылғанын атап өткен жөн.

Мұндай жаза өз кезегінде есірткі заттары мен дәрі-дәрмектерін сатпастан бұрын дәріхана фармацевтері де ойлануға тиіс. Ал егер дәріханадағы құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмектердің көмелет жасына толмаған балаларға сатылған жағдайда жазаны одан сайын қатаңдатылатынын атап өткен жөн.

Сондықтан дәріханалық нашақорлық — ол тек жай ғана медициналық диагноз емес, оның бүгінгі қоғам үшін ас үлкен әлеуметтік қасіретке әкеліп соғатын қатер екенін де естен шығармау қажет. Есірткінің емін-еркін түрде кәдімгі дәріханалар арқылы таралуына немқұрайдылықпен қараудың арты біртіндеп жүздеген, тіпті мыңдаған тағдырдың балта шабылып, өмірінің тозаққа айналуымен аяқталып жатады.

Облыс прокуратурасы дәріханалық нашақорлықтың таралуының алдын алу және жою мақсаты құқық қорғау органдарын ғана алаңдатып қана қоймай, әрбір қоғам мүшесінің оған бейжай қарамау қажеттігіне назар аударып отыр.

— Егер қоғамның әрбір мүшесі өзінің жақын адамдары, болмаса тіпті басқа жандар нашақорлыққа тәуелділік тап болған жағдайда үнсіз қалмай бірден әрекет етіп, оның емделуіне қоғамға қайта оралуына барынша қолдау қажет. Бұл орайда есірткіге тәуелділікке ұшырататын емдік препараттардың рецептісіз сатылу фактілерін байқаған жағдайда дереу хабарлаудың аса маңызды екенін естен шығармаған жөн. Ертерек дабыл қағылған жағдайда адам тағдырын арашалауға мүмкіндік болмақ, — деп түйіндеді Руфат Бауыржанұлы.

P.S. Расында да, нашақорлық дертінің алдын алуда оның дертінің жолмен таралуына тосқауыл жою аса маңызды болып отыр. Бұл орайда заң қағидаларының қатаңдатылуы мен соқылдақ тұстарының түзетілгені жөн. Тек сонда ғана қоғамның, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер арасында емін-еркін сатылып жатқан дәріханалық нашақорлықтың тамырына балта шабылады деген үмітіміз...

МӘСЕЛЕ

ЖАЛҒАН ДИПЛОМ ЖҮЙЕНІҢ СЫНАҒЫ МА?

Елімізде жалған дипломмен жұмысқа тұру деректері соңғы жылдары жиілеп кетті. Бұл тек бірреттік алаяқтық емес, тұтас білім беру жүйесіндегі бақылау мен ашықтықорж әлсіздігін көрсетеді. Ал «жалған диплом берудің жолын кеседі» деген бірыңғай деректерқорлар мен онлайн тексеру жүйелері іске қосылғанына бірнеше жыл болды. Мемлекет сенім артқан цифрлы база неге тосқауыл бола алмады? Кемшілік неде?

Айдана НҰРМҰХАН

2024 жылдың өзінде Ішкі істер министрлігі 338 жалған диплом жасау фактісін анықтаса, 119 жағдайда жалған диплом иесін жұмыс берушілер өздері өшкерелеген. 457 дерек — расталғаны, тіркелмеген жағдайлар әлдеқайда көп болуы мүмкін. 392 адам жалған дипломмен бір жылдан кейін ғана ұсталған, тағы 30 адам бір жылға жетпей, ал 43 адам жұмысқа орналасу кезінде-ақ қолға түскен. Бұл статистика жалған дипломмен жұмысқа тұру фактілері жылдар бойы байқалмай қалуы мүмкін екенін көрсетеді. Алматы облысында 120-дан астам мұғалім, Солтүстік Қазақстанда — 80, Ұлытау облысында 9 педагог жалған дипломмен жұмыс істегені белгілі болды. Мұндай диплом иелерінің білім беру, медицина, инженерия сияқты салаларда қызмет етуі — тек заңбұзушылық емес, адам өміріне тікелей қауіп төндіретін әрекет. Себебі жалған білімі бар дәрігер кате диагност қойса, жалған білімді мұғалім баланы дұрыс оқытпайды.

Бұл проблемаға түрткі болған басты себептің бірі — 2021 жылдан бастап жоғары оқу орындарына берілген дербес диплом дайындау құқығы. Яғни, әр ЖОО өз дипломын өзі дайындап, өзі тарата алады. Бірақ осы процесске тийімді бақылау енгізілмеген. Ұлттық білім беру деректер базасына (ҰБДБ) 2 600-ге жуық университет қызметкерінің ақпарат енгізуге рұқсаты болса, тағы 550 қызметкерге QR-код генерациялау құқығы берілген. Олардың арасында оқытушылар, проректор көмекшілері мен магистранттар да бар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дайындаған Ұлттық баяндамада мұндай шектен тыс кең өкілеттілік пен жауапты қадағалаудың болмауы — жүйе ішіндегі «санауларға» жол ашқаны



айтылады. 19 жоғары оқу орнында жүргізілген тексеріс барысында 2 733 адамның аты-жөні ҰБДБ-да тіркелсе де, бұл адамдар нақты құжаттарда мүлде болмаған. Бұл деректер жалған дипломдарды заңдастыру үшін пайдаланылған болуы мүмкін деген күдік туғызады. Одан бөлек, 1 243 түлек 2-5 жылдық оқу бағдарламасын небәрі 1 жылда бітірген. Бұл да диплом беру жүйесін жеңілдетудің кері салдарын көрсетеді.

Қылмыстық кодекстің 385-бабына сәйкес, жалған құжат жасағандар мен сатқан тұлғалар 2 000 айлық есептік көрсеткішке (2025 жылы — шамамен 6,9 млн теңге) дейін айыппұл төлейді не 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Қайталанған немесе топпен жасалған жағдайларда бұл жаза 14,7 млн теңгеге

дейін өсіп, 4 жылға дейін түрмеге жабу қарастырылған. Ал жалған дипломды пайдаланған адамдар 160 АЕК (шамамен 590 мың теңге) көлемінде айыппұл немесе 40 тәулікке дейін қамауға алынады. Ал бүгінде жалған дипломмен ұсталған азаматтардың көпшілігі шартты жаза немесе әкімшілік айыппұлмен шектеліп отыр. Тек аса ірі көлемде жалған құжат дайындап таратқандар ғана нақты жазаға тартылады. Бұл жеке тұлғалар үшін қорқыныш тудырмайтын әлсіз алдын алу шаралары екенін көрсетеді.

ЕРВО-ҒА ҮМІТ АРТҚАН ЕЛ

Үкімет жалған диплом беру мәселесіне тосқауыл ретінде 2020 жылдан бастап дипломдардың түпнұсқалығын онлайн

тексеретін жүйе енгізді. Бұл жүйе — Ұлттық білім беру деректер базасының (ҰБДБ) негізінде құрылған. Оның басты мақсаты — азаматтардың өз дипломының шынайылығын жеке сәйкестендіру нөмірі, диплом сериясы мен нөмірі арқылы тексеруге мүмкіндік беру.

«2021 жылдан бастап барлық жоғары оқу орны (азаматтық емес және медициналық ЖОО-ларды қоспағанда) білім туралы заңнамаға сәйкес өзіндік үлгідегі дипломдарды беріп жатыр. Олардың түпнұсқалығын Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы — ЕРВО арқылы тексеруге болады», — деп атап өткен еді Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова.

Комитет басшысының айтуынша, министрлік өзіндік үлгідегі дипломдардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ диплом сериясын бекітеді. Диплом нөмірі мен QR-коды арнайы модуль арқылы ЕРВО жүйесінде генерацияланады. Бұл қызметке тек сол жүйеде тіркелген, жауапты ретінде тағайындалған ЖОО қызметкерлері ғана қолжетімді. Егер ЕРВО жүйесінде білім алушы туралы мәлімет болмаса, диплом нөмірін генерациялау мүмкін емес. Генерацияланған нөмірі мен QR-коды жоқ дипломдар жарамсыз болып есептеледі.

«Бұл қадам «жалған диплом» айналымын азайтырға, жұмыс берушілерге үміткердің кәсіби біліктілігін тексеруге нақты құрал ұсынуға тиіс еді. Бірақ теориялық тұрғыда сәтті бастама болғанымен, практикада жүйенің әлсіз жақтары байқалды», — дейді Гүлзат Көбенова.

Бұл жүйе 2020-2021 оқу жылынан бастап берілген дипломдарды ғана қамтиды. Бұған дейінгі жылдары берілген құжаттар базада жоқ. Оларды тек диплом иесі өзі бітірген университет арқылы ғана растата алады. Бұл — он мыңдаған адам үшін қол-айсыз әрі уақыт алатын процесс. 2024 жылғы дерек бойынша, базаға бар-жоғы 650 мыңға жуық диплом ғана енгізілген, ал Қазақстанда жыл сайын 150 мыңнан астам студент жоғары оқу орнын бітіретіні белгілі. Демек, жүйе әлі де толық әрі нақты ақпаратпен қамтылмаған. Бұдан бөлек, азаматтар тарапынан жиі көтерілетін шағым — жүйенің баяу жұмыс істеуі, іздеу нәтижесінің мүлде шықпауы немесе техникалық ақаулар. Мәжіліс депутаты Ислам Сүнкарөзінің дипломын тексермек болып, нәтиже ала алмағанын айтқан болатын. Бұл — қолжетімді цифрлық шешімнің сапасыз орындалғанын білдіреді.

«Қазір интернетте кез келген жоғары оқу орнының дипломын сатып алуға болатын сайттар ашық жұмыс істеп тұр. Сатушылар мемлекеттік үлгідегі, түпнұсқаға ұқсас диплом жасап береміз деп уәде етеді. Тіпті, Астанадағы беделді оқу орындарының тізімін де ашық көрсетіп отыр. Өз деректерімді базаға енгізіп көрдім, бірақ жүйе ештеңе көрсеткен жоқ. Бұл — жалған дипломдардың қоғамға, білім беру мен кәсіби салаға, қауіпсіздікке тікелей зиян тигізетінін көрсетеді. Сондықтан барлық ресми берілген дипломдарды бірыңғай базаға енгізуді жеделдету керек. Жүйені жыл сайын жанартып, мәліметтерді толықтыруды заңмен бекіту аса маңызды. Жалған диплом сататын интернет сайттарды бұғаттау, қоғамды құлақтандыру жұмыстарын күшейту және заңдық жауапкершілік туралы кеңінен ескерту де назардан тыс қалып отыр», — дейді депутат.

Кейбір университеттер бұл мәселені өздігінше шешуге талпынып отыр. Мәселен, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әрбір дипломға QR-код енгізіп, оны тексеру мүмкіндігін архив арқылы растап береді. Мұндай тәжірибе басқа оқу орындарында да қолға алынып жатыр. Бірақ бұл жүйелер біртұтас стандартқа біріктірілмеген, әр университеттің ішкі тәртібіне байланысты ғана жұмыс істейді.

Сарапшылардың айтуынша, бірыңғай база толығымен іске қосылып, барлық тарихи диплом цифрландырылып, жүйеге енгізілсе, әр жұмыс беруші кандидаттың дипломын онлайн, ашық түрде тексере алар еді және жалған дипломмен жұмысқа тұру деректері елөуір азияды, сондай-ақ азаматтар өз құжатының мәртебесін ешкімнің көмегініңіз тексере алатын еді. Бірақ бұл үшін жүйе толық жетілдірілуге тиіс. Цифрландырылмаған дипломдар мәселесі шешілмей, жалған құжаттар нарығы жойылмайды. Министрліктің айтуынша, 2025 жылға дейін барлық оқу орындары дипломдардың бұрынғы жылдардағы нұсқаларын цифрлық форматқа өткізіп, жүйеге енгізуге міндеттелген. Алайда жүйе жартылай ғана жұмыс істеп тұр.

Жалған дипломмен күресте техникалық шешімдер қаншалықты маңызды болса, құқықтық тетік пен жазаның нақты әрі әділ қолданылуы да соншалықты өзекті. Себебі жалған құжатпен жұмысқа тұру — жай ғана құқықбұзушылық емес, елдің білім жүйесіне, қоғамдық сенімге, тіпті азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне төнген қатер. Мәселе — осында.

Бүгінде психологиялық күйзеліс тек ересектердің ғана емес, сондай-ақ жастардың да басты мәселесіне айналған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әрбір төртінші адам өмірінде кем дегенде бір рет психикалық қиындыққа тап болады. Алайда бұл туралы айту көпшілік үшін әлі де ұят, әлсіздік ретінде қабылданады. Психолог мамандардың айтуынша, күйзелісті дер кезінде анықтап, маман көмегіне жүгіну — үлкен қадам. Өкінішке қарай, көптеген адам бұл белгілерді елемейді немесе өздігінен жеңуге тырысады. Соның салдарынан күйзеліс асқынып, психикалық дертке ұласуы мүмкін. Психология бойынша адам екі аптадан артық уақыт ішінде көңіл-күйі түсіп, ұйқысы тыныш болмай, эмоционалдық көңіл-күйі тым пассивті немесе тым белсенді болған жағдайда психологиялық күйзелістің алғашқы дабылы соғылады.

КҮЙЗЕЛІСТІҢ ДЕ ТҮРІ КӨП

Қазір қоғамда адамның сыртқы келбеті ғана емес, ішкі жан-дүниесі де алаңдатарлық күмде. Күйзеліс — бәрімізге таныс жағдай. Бірақ оның да түр-түрі бар. Психологтер күйзелісті негізінен үш түрге бөледі: желен күйзеліс — бір реттік, кенеттен пайда болатын қысым. Мысалы, жақынынан айырылу, ажырасу немесе жол апаты. Созылмалы күйзеліс — ұзақ уақыт бойы ішкі қысыммен жүру. Жұмыстағы проблемалар, отбасылық кикілжің, қаржылық қиындықтар әсер етеді. Эустресс пен дистресс — эустресс адамды алға жетелейтін оң мотивация болса, дистресс — керісінше, жан-ды қажытатын ауыр күй. Бұдан бөлек, күйзелістің нақты көріністері ретінде депрессия, эмоционалдық күйіп кету, паникалық шабуыл, тұрталық дағдарыс және мазасыздық бұзылыстары бар. Бүгінгі адамның өмір сүру ырғағы тым жылдам. Таннан кешіке дейін жұмыс, оқу, жоспар, жауапкершілік. Демалуға, өзіне қарауға уақыт тапшы.

— Жалпы, біз қоғамда өмір сүргендіктен, қоғам мүшесі ретінде басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз, қызмет етеміз, білім аламыз, түрлі орында жүреміз. Сол себепті күнделікті өмірімізде түрлі әдіспен әрекет етеміз. Алайда әртүрлі жағдайда психологиялық күйзелістер болуы мүмкін. Қазір неге адамдарда күйзеліс көп? Бұл неге байланысты? Әрине, бүгінде біз «цифрлық дәуірде» өмір сүріп жатырмыз. Сандық технологиялардың дамуы адам миының жұмыс істеу қабілетіне де әсер етеді. Яғни, ми бұрынғыдай логикалық ойланбайды, дайын ақпаратқа тәуелді болып барады, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

КӨКЖИЕК

Жылдамдыққа үйренген заманда бәрі жүгіріп жүр: бірі — оқуға, бірі — жұмысқа, тағы бірі — өмірдегі орнын табуға асығады. Ал осы қарбалас ішінде көпшілік байқамайтын, бірақ жанға дауа бермес бір мәселе бар. Ол — психологиялық күйзеліс. Қоғамда бұл тақырып әлі де жабық. Дегенмен көзге көрінбейтін бұл дерт бүгінде жастарды да, ересектерді де күйретіп барады.

КҮЙЗЕЛІСТЕН КҮЙІП КЕТПЕ

Оның айтуынша, бүгінде көп адам өз бетімен мәселені шешуге тырыспайды. Себебі интернет бар, жасанды интеллект бар, Google бар — бәрі дайын жауап береді. Instagram, TikTok секілді желілерде адамдар тек көзбен көргенін қабылдап, терең ойланбай, эмоциямен жауап береді. Олар ұзақ бас қатырмай, қысқа видеобейнелер көріп, назарын жиі ауыстырады. Бұл да ми жұмысына кері әсер етеді. Бұл — цифрлық технологиялардың дамуына байланысты туындаған бір фактор. Екінші фактор — экономикалық жағдай. Қаржылық қиындықтар адамдарды күйзеліске түсіреді. Көп адам несие алып, соны төлеуді уайымдайды. Бар тапқан табысы несиеге кетіп жатыр. Сол себепті адамдар отбасыға, бала-шағаға қажетті киім-кешек алуға да қиналады. Өз қажеттіліктерін жабу үшін де ақшасы жетпейді. Мұның бәрі адамға психологиялық қысым түсіреді. Сонымен қатар отбасындағы қарым-қатынастың нашарлауы, баламен сөйлесуге уақыттың жетпеуі — күйзеліске ұшыратуы мүмкін. Бұған жаһандық оқиғалар, соғыстар, табиғи апаттар секілді факторлар да қосылады.

— Қоғамда әлеуметтік желілер де күйзелістің көзіне айналып отыр. Мысалы, біреулер басқа адамдардың «жасанды» бақытын көріп, өз өмірін сонымен салыстырып, өзін төмен санайды. Ақпараттың көптігі де адамды қажытады. Бұған қоса, қаржылық сауатсыздық салдарынан ойынға тәуелділік, құмар ойындарға беріліп кету сияқты қауіптер де бар. Кейбір жастар мен ересектер түрлі бәс тігуге, онлайн ойындарға тәуелді болып жатыр. Бұл да күйзелістің бір себебі. Бұрын мұн-

дай болмаған. Қазір заман өзгерді, сол себепті адамдар психологиялық қолдауды жиі қажет етеді. Ең жақсы тәсілдердің бірі — сүйікті іспен айналысу. Мысалы, шахмат ойнау, сурет салу, жануарлармен уақыт өткізу, табиғатта серуендеу, спорт-



Қоғамда әлеуметтік желілер де күйзелістің көзіне айналып отыр. Мысалы, біреулер басқа адамдардың «жасанды» бақытын көріп, өз өмірін сонымен салыстырып, өзін төмен санайды. Ақпараттың көптігі де адамды қажытады.

пен айналысу, бокспен айналысу — мұның бәрі стресстен арылуға көмектеседі, — дейді психолог.

ПСИХОЛОГТІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Балабек Сақтағановтың айтуы бойынша, күйзелісті жеңудің де өзіндік жолдары бар. Ең бастысы бұл жағдаймен жалғыз қалмау. Психологке жүгіну, күн тәртібін реттеу, эмоцияны шығару, Хоббиге уақыт бөлу — адам өзін пайдалы әрі бақытты сезінетін іспен айналысқанда, ішкі күйзеліс азаяды.

Әр елде психологе барудың бағасы әртүрлі. Қазақстанда 1 сеанс орташа — 20 000-50 000 теңге аралығын құрайды. Ал Алматы мен Астанада тәжірибелі мамандар 25 000 теңгеден басталады. Шетелде бұл баға жоғары: Ресейде — 20 000 — 60 000, Түркияда — 8 000 — 38 000, Германияда — 25 000 — 40 000, Америкада — 40 000 — 100 000,



Жапонияда — 30 000 — 60 000 теңге. Онлайн терапиялар бұдан арзанырақ. Ал кейбір Еуропа елдерінде психологиялық көмек әлеуметтік сақтандыру арқылы тегін беріледі. Ең көп маманға жүгінетін ел — АҚШ. Мұнда халықтың 40%-ы өмірінде кем

дық күйзеліс қаупі әсіресе адамдармен тығыз жұмыс істейтін қызметкерлерге: әлеуметтік сала мамандарына, педагогтерге тән. Себебі жоғары жұмыс қарқыны, демалыстың тапшылығы, қиын клиенттермен жиі кездесу үлкен стресс көзі болып саналады. Бұл күйдің қауіптілігі — баяу өрши берінде: әуелде адам тек қалыптыдан көбірек шаршағандай сезінеді, ал жағдай ушыққанда барлық салада бұзылу белгілері байқалады. Мазасыздық, енжарлық, ұйқысыздық өрши түседі, ештеңе істеуге күш қалмайды. Көп жағдайда ағза түрлі ауруға шалдыққыш болып, адам өзін мүлде дәрменсіз сезіне бастайды.

Психологияда белгілі бір жас кезеңдерінде адамның өмірінде маңызды ішкі өзгерістер болып, дағдарыс тууы мүмкін: 3 жаста — бала «өзім» дегенді танып, ата-анаға қарсы шыға бастайды. 13 жас — жасөспірімдік кезең. Өз орнын іздеу, сыртқы әлеммен күрес. 25 жас — жеке өмір, мансап, болашаққа байланысты дағдарыс. 30 жас — жетістіктерді бағалау, салыстыру, «Қатарымнан қалып қойдым ба?» деген уайым. 40 жас — «орта жас дағдарысы». Адам өз өмір жолын қайта қарауға мәжбүр болады.

Күйзеліс — әлсіз адамның емес, тірі адамның белгісі. Әрқайсымыз қандай да бір сәтте ішкі тығырыққа тірелуіміз мүмкін. Ең маңыздысы — бұл күйден шығуға ұмтылу, көмек сұраудан қорықпау және жан саулығына дәл денсаулық секілді мән беру. Себебі мықты қоғам ең алдымен, психологиялық тұрғыдан сау адамдардан құралады.

Аблайхан ДҮЙСЕНБЕК,
ЕҰУ студенті

1 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ӨЗЕКТІ

САУДАҒА ТҮСКЕН ТАҒДЫРЛАР...

Былтыр елімізде адам саудасына қатысты рекордтық көрсеткіш тіркелген. Биыл да жылдың алғашқы үш айында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (БП ҚСЖАЕК) деректері бойынша, адам трафи-гіне байланысты 116 қылмыстық құқықбұзушылық тіркеліп, 2024 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы көрсеткішпен пара-пар (112) рекорд қайталанған. Бұл – тек статисти-кадағы сандар ғана емес, саудаға түскен тағдырлар әрі қайғы-қасірет арқалаған аянышты адамдардың өмірі.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Адам саудасы — ғасырлар өтсе де, гуманизм ережесіне бағынбай келе жатқан жаһандық індет. Әлем ғылыми техноло-гияны дамытып, заң мен тәртіпке ұмтыл-ғанымен, адам өмірін тауарға айналдыруға араша бола алмай отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуінше, адам саудасы құрбандарының 70 пайызын әйелдер құ-райды. Олардың әрбір үшіншісі — жасө-пірімдер. Біздің елдегі ахуал да осыған ұқсас. БҰҰ ақпараттық орталығының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың бірінші тоқсанында адам саудасынан зардап шек-кендердің саны 34,1%-ға өсіп, 59 адам жә-бірленуші деп танылса, оның 84,7%-ы — әйелдер мен қыздар. «Адам саудасы» және «Көмелетке толмағандар саудасы» бапта-рына қатысты қылмыстардан тікелей зар-дап шеккен 19 жәбірленушінің ішінде 11 жасқа дейінгі 5 қыз бар. Яғни, еліміздегі құлдық құрбандарының басым көпшілі-гі — әйелдер мен жасөспірімдер. Олар заңсыз еңбекке, жыныстық құлдыққа, тіпті адам мүшелерін алу мақсатында қол-данылады.

«Әйелдер мен жасөспірімдер неге онай құлдық құрбанына айналады?» деп сұра-ғанымызда, Президент жанындағы Әйел-дер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төраға-сының орынбасары Айман Омарова: «Се-бебі олар заңды білмейді, өз құқығын қорғауды білмейді. Салдарынан адамды тауар ретінде пайдаланудың статистикасы нақты емес және құқықбұзушылықтардың жоғары үлесі жасырын күйінде қалады. Сондықтан жағдайды түзеу үшін алдын алу шараларын кешенді түрде жүргізу қажет. Азаматтардың құқығын қорғау және қо-

ғамда құқықтық мәдениет деңгейін арт-тыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын қолға алу керек. Учаскелік инспекторлар-дың және жергілікті атқарушы органдар-дың жұмысын ширатып, жауапкершілігін арттыру қажет», — деді.

Десек те, еліміз мемлекеттік деңгейде адам саудасына қарсы табанды күрес жүр-гізіп келеді. Атап айтар болсақ, Қазақстан адам саудасымен күресетін бірнеше ха-лықаралық шарттар мен келісімдерге қол қойған. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылдың 10 желтоқсанында қабылдаған «Адам құқықтарының жалпы декларация-сына» қосылған.

2024 жылы елімізде алғаш рет «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң қа-былданды. Заң Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың адам саудасына қарсы іс-қимыл шараларын күшейту, сондай-ақ вандализм мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жа-уапкершілікті қатандату жөніндегі тап-сырмасын жүзеге асыруға бағытталған. Сондай-ақ заңға «сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтер» және «адам саудасына байланысты қылмыстар» деген жаңа ұғы-мы енгізіліп, осы сипаттағы заңбұзушы-лықтарға алғаш рет қылмыстық жауапкер-шілік жүктелді.

Мәжіліс депутаты Марат Бәшімов тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, құлдыққа, адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері Президенттің ерекше бақылауында екенін айтты. Депу-таттың айтуынша, адам саудасы туралы ХХІ ғасырда айтудың өзі жабайылық сияк-ты болғанымен де, өкінішке қарай, бұл — бүгінгі күннің шындығы.

— Жыныстық, еңбекпен қанау, адам ағзаларының саудасы сияқты басқа да түр-лері зорлық-зомбылық тыйылмай келеді. Қазақстан бұған қатысты адам құқығын қорғайтын арнайы заң қабылдауды көп



Елдар ҚАБА (aol.algsk)

жылға «кешіктірді». Басқа посткеңестік елдер оны 2005 жылдан бастап қабылдай бастаған еді. Дегенмен былтыр заң қабыл-данды, заң азаматтарымыздың конститу-циялық құқығын тиімді қорғауға, мемле-кеттік органдардың қызметін нақты рет-теуге, сондай-ақ адам саудасының құрбан-дарына көмек көрсетуге, олардың құқығын қорғауға және қамтамасыз етуге бағыт-талған. Біз күзге қарай осы заң қабылданған бір жылда атқарылған жұмыстарға әлеу-меттік сараптама жасап, Үкіметке қоры-тынды ұсыныстар беретін боламыз, — деді ол.

«Цифрлы дәуірде адам саудасының асқынуына ғаламтордың да қосар үлесі зор» дейді мамандар. Заманауи құлдық әлеуметтік желілерде адамдарды жалған уәдеге тойдырып, еш кедергісіз қолға тү-сіру арқылы жүзеге асса, онай олжа табу-дың сипаты да түрлене түскен. Стратегия-лық жоспарлау және реформалар агент-тігінің Ұлттық статистика бюросының адам ресурстарын дамыту департаментінің директоры Арсен Жақыпovтың мәліме-тіңше, негізінен адамдар құлдыққа әртүрлі жолмен түседі.

«Мәселен, таныс немесе шетелдік ұйым-дар шетелде жұмыс істеуді ұсынуы мүмкін. Көп жағдайда адам лайықты жалақымен

жақсы жұмыс ұсыныстарға, өмір сүруге қолайлы жағдайларға, жұмыс таңдау құқы-ғына, тіпті үйленуге немесе жоғары білім алуға байланысты алданып жатады. Walk Free коммерциялық емес ұйымының 2023 жылы жүргізген зерттеуіне сәйкес, Қазақ-станда қазіргі құлдықтағы адамдардың болжамды саны 200 мыңға жуықтаған екен. Соның ішінде қазір заманауи құлдық та пайда болған. Ол қандай десеніз, дөс-түрлі құлдық, мәжбүрлі еңбек, қарыздық құлдық, крепостнойлық, құлдықтағы не-месе құлдыққа ұқсас жағдайдағы балалар еңбегі, тұрмыстық құлдық, жыныстық құлдық және мәжбүрлі неке сияқты құлдықтың неше түрі дамыған», — дейді А.Жақыпов.

Мамандар бұл тұрғыда «Интернетті мемлекеттік саясат арқылы рет-теп, веб-сайттар мен технологиялық ком-панияларды өз платформаларында зиян келтіретін дүниелерге қатысты тексеру жүргізуге мәжбүрлеу керек. Оларды әділет органдарына қанауға және зиян келтіруге ықпал ететін платформаларды жабу құрал-дарын ұсынуға міндеттеу қажет» деген пікірді жиі айтып жүр. Сондай-ақ зерттеу-ші сарапшылар БАҚ-тарда адам трафи-гіне қатысты көтерілетін мәселелердің көбі Қазақстан аумағындағы жағдай, ал ел ау-

мағынан тыс елдерде қиын жағдайға тап болып, еңбек құлдығына немесе басқа да түрлі мәжбүрлі зорлықтан зардап шек-кендер туралы нақты статистика айтыл-майды, тіпті олардың арасында шетелдік оқу орындарында оқитын жастарымыз да бар дейді.

Мәселен, 2022 жылы жаһандық құлдық индексінің бағалауы бойынша, Қазақстанда жыл сайын орта есеппен құлдық жағдайында 75 мыңнан астам адам өмір сүреді. Осылайша, Қазақ-стан бұл мәселеде «Еуропа және Орталық Азия» өңіріндегі 50 мемлекеттің тізімінде 21-ші, әлем бойынша 83-орында. Заң мен тәртіп қағидатын өміріміздің мызғымас тұғыры етуді мақсат етіп отырған мемле-кетіміз адамды тауарға айналдыруға қарсы үздіксіз күресіп келеді. Осы мақсатта тек құқық қорғау органдары ғана емес, қо-ғамның заң аясындағы құқығын білуді де маңызды. Ақпараттың жетіспеуі немесе адамдардың бейқамдығы салдарынан ең-бек құлдығы, мәжбүрлі жыныстық құлдық, сәбилер мен балалар саудасы, адам ағзасын бөлшектеп сату секілді аяусыз қанау түр-лері цифрлы технология дәуірінде тіптен түрлене түсті. Сондықтан әрбір адам өзінің және қоғамның игілігі үшін құлдық қамы-ты деген не екенін ұққаны абзал.

ТҮЙТКІЛ

ЖАЗЫЛМАДЫ ЖАНЫМНЫҢ ЖАН ЖАРАСЫ

Қазіргі қоғамда ашуға булықтыратын, жүректі ауыртатын оқиғалар күн санап артып келеді. Әлеу-меттік желілер мен ақпарат құралдарында жиі жарияланатын «зорлық көрді», «баланы өлтіріп кетті» деген суық хабарлар – жай ғана жаңалық емес, бұл бір адамның, бір отбасының тағдыры. Ендеше баланың кіршіксіз көңілі мен болашағының тапталып жатқаны – шынайы трагедия.

Ең сорақысы, қылмысты жасаған кейбір адамдар жазадан сытылып шығып, қоғамда емін-еркін жүр. Бұл жағдай, әсіресе көме-летке толмаған қыз балалардың тағдырына балта шабула.

Біздің қоғамда «ұят болады», «ешкімге айтпа», «жабулы қазан жабулы күйінде қал-сың» деген ұстаным – көп жәбірленушінің үнсіз қалуына себепкер. Өзгенің жасаған күнәсі үшін өзін кінәлап, іште булығып жүр-ген қыздар қаншама?! Бұл — бір адамның емес, бүтін бір қоғамның трагедиясы.

Астаналық Акерке Исмайлова (аты-жө-ні өзгертілді, — ред.) — қазір 17 жаста. Есімін атамауды өтінген кейіпкеріміз, бала күнінен өгей әкесінен қорлық көрген.

— Бастапқыда ешкімге ештеңе айта ал-мадым. Сабаққа барғым келмей кетті. Ол кезде 9-сыныпта оқитынмын. Өгей әкем жылы сөздер айтып, анам жоқта маған тиісе бастады. Кейін физикалық тұрғыда бірнеше ай бойы зорлық көрсетіп келді. Ал анама айтуға қорықтым. Себебі: «ұят болады», «ешкім сенбейді», «сен кінәлі боласың» деген ойлар маза бермеді. Бірақ үнсіздік оларды күшейтеді екен. Қазір үлкен қалада студентпім. Өгей әкемнен де құтылдым. Ал анама өлі ештеңе айтпадым. Бір қызығы, өгей әкем ештеңе болмағандай өмір сүріп жүр, — деп ағынан жарылды ол.

Акерке Исмайлова қыздарға: «Қорық-паңдар! Үнсіз қалмаңдар! Міндетті түрде ата-анаға айтыңдар, арыз жазыңдар. Заң бар. Қолдау бар. Сен жалғыз емессің» деп айтқысы келеді. Бірақ бала күнгі оқиғасынан кейін, ер-азаматтарға деген сенімінің жо-ғалғанын да жасырмады.

Акеркенің хикаясы еліміздегі жалғыз жағдай емес. Ішкі істер министрлігінің мә-ліметінше, 2024 жылы елімізде көмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипат-тағы 1 000-нан аса қылмыс тіркелген. Ал жәбір көргендердің көбі — үнсіздік құрбаны.

ЗОРЛЫҚ ТҮБІ — ҚОРЛЫҚ

Зангер Әлімжан Жұбаткановтың ай-туынша, мұндай ауыр қылмыстар үшін сотталған азаматтар мерзімінен бұрын боса-тылмайды екен.



— Қазіргі қоғамда балаларға қарсы жаса-латын жыныстық сипаттағы қылмыстар — ең ауыр әрі алаңдатарлық құқықбұзушылық-тардың бірі. Көпшілік арасында мұндай қыл-мыстар үшін өлім жазасын қайта енгізу қажет деген пікірлер жиі айтылады. Алайда зан-герлер мұндай қылмыстарға қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында қандай шаралар қарастырылғанын нақтылап түсіндіруде, — дейді маман.

Айта кету керек, «Педофилі» деген сөз-дің құқықтық тұрғыдан нақты аудармасы жоқ. Бұл ұғым негізінен көмелетке толма-ғандарға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған тұлғаларға қатысты бейресми түрде қолдан-ылады. Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне мұндай әрекеттер нақты баптар бойынша қарастырылған жә-не қатан жаза тағайындалады.

— Қылмыстық кодекстің 120-бап («Зор-лау») — егер көмелетке толмаған адамға зорлық жасалса, 15 жылдан 17 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарасты-

рылған. Егер бұл қылмыс екі немесе одан да көп көмелетке толмағандарға қатысты жасалса — өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. 121-бап («Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері») — аталған бап бойынша сек-суалдық сипаттағы әртүрлі зорлық әрекеттер үшін де ауыр жаза қарастырылған, — дейді Әлімжан Жұбатканов.

Зангердің айтуынша, көмелетке толма-ған балаға интернет арқылы, әлеуметтік желілер арқылы немесе басқа да жолмен жыныстық сипаттағы мазмұндағы хабарла-малар жіберу, фотосуреттер көрсету сияқты әрекеттер де қылмыстық жауапкершілікке жатады. Бұл — жана енгізілген норма. Мұн-дай әрекеттер анықталған жағдайда құқық бұзушы 200 айлық есептік көрсеткіш мөл-шерінде айыппұл төлеуге, 200 сағатқа дейін-гі қоғамдық жұмыстарға тартылуы, не 50 тәулікке дейін қамауға алынуы мүмкін.

— Қылмыстық кодекстің 122-бабы («Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас») — бұл бапқа сәйкес, зорлықсыз

болса да 16 жасқа толмаған адаммен жы-ныстық қатынас жасағаны үшін 12 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Ал 124-бап («Он алты жасқа толмаған адамды азғындық жо-лау тәсірі») — бұл бап бойынша күш қолдан-бастан жасалған сексуалдық сипаттағы аз-ғындық әрекеттер үшін 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырыл-ған, — дейді зангер.

Қоғамда ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты жазаның әділ-дігі мен қаталдығы жиі талқыланады. Қыл-мыстық атқару жүйесіне енгізілген өзгерістер мен заңнамалық шектеулердің бұл санаттағы сотталғандарға қалай әсер ететіні — көпші-ліктің назарында. Әлімжан Жұбаткановтың айтуынша, мұндай ауыр қылмыстар үшін сотталған азаматтар мерзімінен бұрын боса-тылмайды. Ал егер өмір бойына бас бостан-дығынан айырылса, ол тұлға толық мерзімді түрмеде өтеуі керек. Бүгінде көмелетке толмаған балалардың интернет желісін ер-кін қолдануы, ата-аналар тарапынан бақы-лаудың аздығы сияқты мәселелер педофил-дердің әрекетіне жол ашып отыр. Сондықтан балаға түсіндіру жұмыстары жүргізілуі өте маңызды. Мысалы, бейтаныс адаммен сөй-леспеу, интернетте күмәнді хабарламаларға жауап бермеу, ата-ананың баланың қай уақытта сабақтан шығып, қайда баратынын нақты біліп отыруы, ұялы телефон арқылы тұрақты байланыс жасауы қажет.

— Көмелетке толмағандармен жасалатын қатынастарға қатысты қоғамда әртүрлі пікір айтылып жүр. Алайда мұндай жағдайлар заң жүзінде нақты реттелген және ауыр құқық-бұзушылық ретінде қарастырылады. Заң көмелетке толмаған азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған, ал олардың алданып, өмірлік маңызды шешімдер қабылдауы — қылмыстық жауапкершіліктен құтқармай-ды, — дейді Әлімжан Жұбатканов.

Зангер кей жағдайларда көмелетке тол-маған қыз баланың жүкті болып қалуы, оны сүйемін, үйленемін деушілердің сөзіне се-ніп, заң бұзуға баруы да кездеседі дейді. Бұл жағдайда да қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қазақстан заңнамасы көмелетке толмаған азаматтарға қатысты неке киноға қатан тыйым салады.

ЗӨБІР КӨРГЕН БАЛАҒА ДЕМЕУ КЕРЕК

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы сексуалдық қысымның алдын алу, ата-ана-ның рөлі мен қоғамдағы үнсіздіктің зардабы жайлы психолог Лимана Құттыбекқызы да пікір білдірді. Оның айтуынша, қазір бала-лар арасындағы сексуалдық қысым жағдай-лары артып келеді. Бұрын мұндай жайттар көп айтылмайтын, ал қазір телеарна, әлеу-меттік желі, баспасөзде ашық айтылып жүр. Бірақ өкінішке қарай, кейбір адамдар үшін

мұндай ақпарат мәселені ушықтырады. Сондықтан да сексуалдық зорлықтың түр-түсі, егжей-тегжейі ашық сипатталғанда, ол кей ортада қайталануы да мүмкін. Бұл — қо-ғамда жиі байқалып жүрген құбылыс.

— Кей балаларға қысым жұмсак формада жасалады — конфет беру, ақша ұсыну, «сен ұнап тұрсың», «бұл — қалыпты жағдай» деген манипуляция түрінде. Мұндай жағдайда бала зорлық деп түсінбейді. Бірақ бұл — мо-ральдық және психологиялық қысым. Сек-суалдық қысым дегеніміз — тек күш қолдану емес, адамның санасына әсер етіп, таңдау еркінен айыру, — дейді психолог.

Көп жағдайда педофил — бөтен адам емес, таныс адам: туған-туыс, көрші, тіпті әкесі.

— Мысалы, менің практикама болған ауыр оқиға: Қарағандыдан хабарласқан қыз баланың айтуынша, әкесі оны кішкентайы-нан зорлап келген. Бұл туралы ол тек 22 жа-сында ашылып айта алды. Ең сорақысы — кейін әкесі өзінің сіңілісіне де сондай әрекет жасаған. Ақыры туыстарының көмегімен бұл іс құқық қорғау органдарына жетіп, қылмыскер жазаланды. Зорлық көрген бала жан жарасыммен өмір сүріп жатады. Оны емдеу үшін ұзақ уақыт терапия қажет. Мен ол қызға үйде гүл өсіріп, мысық асырап көруді ұсындым. Ол кейін: «Мысыққа қарап, оны күткен сайын жүрегімнің музды ерігенін сезіндім. Ал гүл ашылған кезде ішімнен жы-мынып, алғаш рет жылулықты байқадым», — деді. Бұл — жан жараны жазудың бір тәсі-лі, — дейді Лимана Құттыбекқызы.

Сексуалдық зорлық көбіне мәдениеті төмен, қатыгез, ашық әдепсіз ортада өсіп жатқан балалар арасында болады. Үйде әке-шешенің дөрекі қарым-қатынасы, балаға деген қатыгездік, балаға құлақ аспау — бәрі баланың сезінетін. Екін сөйлей алмайтын, ішкі сезімін жеткізе алмайтын бала — онай нысана. Сондықтан әр ата-ана баламен ашық сөйлесуі керек. Бала өз ойын еркін жеткізіп, «жоқ» деп айтуға дағдылануға тиіс. Ал қауіпті жағдайда «102» нөміріне немесе сенім телефонына хабарласа алатындай ер-кіндік қажет. Психолог «Баланы «өзі келіс-кен шығар» деп ойлау — зорлықты ақтаумен тен» дейді.

Педофилия — тек қылмыс емес, бұл — ұлттың тамырына балта шабатын дерт. Оның алдын алу үшін заңда, санада, тәрбие де бір бағытта жұмыс істеуі керек. Егер біз әр баланың сөзін естіп, оған қорған бола алсақ — келесі қылмыстың алдын аламыз. Жәбірленушіге сену — оның жан-жарасын емдеудегі алғашқы қадам. Ал үнсіз қалу — зұлымдықты жалғастыру.

Жабулы қазан — жазасыздықтың кепілі. Жазасыздық — жана құрбандардың жолын ашады. Ендеше үндемей қалмау — әр аза-маттың борышы.

Салтанат ЖАНДАРБЕКОВА,
ЕҰУ студенті

ҚҰҚЫҚ

АЛАЯҚТЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ



Интернет дәуірінде алаяқтардан қорғану барған сайын күрделене түсуде. Қазір фишингтік әдістер арқылы банк жүйелеріне заңсыз жолмен қол жеткізетін алаяқтардың әрекеті жиілеп барады. Мамандардың айтуынша, адамның сеніміне кіріп, оны алдау арқылы қаржысын иемдену – ең кең таралған қылмыс түріне айналған. Алаяқтар әртүрлі әдіс-тәсілдерге жүгініп, азаматтарды сан соқтыруға тырысады. Сондықтан мұндай құқықбұзушылықтар жыл сайын көбейіп келеді. Осыған орай Алматы облысында «Алаяқтыққа жол жоқ» жедел алдын алу шарасы жүргізілді.

А Көктем ҚАРҚЫН

Алматы облысы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы Нұржан Кеңесханұлының айтуынша, жыл басынан бері өңірде 550 интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Оның ішінде, 131 қылмыстық іс аяқталып, 114-і сотқа жолданды.

Ең көп тараған алаяқтық түрлері — банк қызметкері ретінде алдау, онлайн саудадағы және инвестициялық жалған ұсыныстар, сондай-ақ әлеуметтік көмек пен несие сылтаулары.

— Алдын алу аясында 15 ақпараттық акция өткізіліп, 25 000 парақша таратылды, 11 билборд пен LED-экран орнатылды. 120 мектеп, 3 колледж және университетте кибергигиена бойынша сабақтар жүргізілді, 10 макала, әлеуметтік желілерде 30-дан астам бейнеролик пен үндеу жарияланды, — деді Нұржан Кеңесханұлы.

Сонымен қатар қазір интернет-алаяқтықтың бірнеше жаңа түрі белен алған. Біріншісі, банктік алаяқтық — жалған қонырау арқылы азаматтарды қорқытып, жеке деректерін алу. Бұл азаматтардың қаржысын заңсыз жолмен иемденуге бағытталған қылмыс түрі. Қазіргі цифрлық дәуірде «банктік алаяқтық» алаяқтықтың кең тараған формаларының бірі болып отыр. Алаяқтар түрлі тәсілді қолдана отырып, адамдарды алдап, олардың банк шоттарына, карталарына және жеке деректеріне қол жеткізеді. Қорғану үшін азаматтар банк немесе құқық қорғау органы ешқашан құпия ақпаратты сұрамайтынын есте сақтауы керек. Сондай-ақ хабарласқан адамға жеке деректерді бірден бере салмай, күдік туындаса, банкпен тікелей байланысқан абзал.

Қазір банктік алаяқтықтың ең кең таралған түрі — онлайн сауда арқылы жасалатын қылмыстар. Алаяқтар интернет-дүкендер мен әлеуметтік желілер арқылы жалған тауарлар мен қызметтерді ұсынып, азаматтарды алдап соғады. Олар көбінесе төмен баға немесе шектеулі уақыттағы «жеңілдіктермен» қызықтырып, адамдардан алдын ала төлем талап етеді. Төлем жасалған соң байланыс үзіледі, ал тапсырыс берілген зат ешқашан келмейді.

Сонымен қатар соңғы уақытта жалған инвестициялық жобалар арқылы жасалатын алаяқтық көбейіп келеді. Бұл әдісте

алаяқтар жалған жарнамалар мен жалған уәделер арқылы адамдарды оңай пайда табуға сендіріп, қаржысын заңсыз иемденеді. Жаңа технологиялар дамыған сайын алаяқтық түрлері де күрделеніп келеді. Солардың бірі — дипфейк технологиясын қолдану арқылы адамдарды алдау. Алаяқтар адамның бейнесі мен дауысын жасанды интеллект көмегімен өңдеп, оны туысқаны немесе басшысы сияқты көрсетіп, ақша сұрайды.

Содай-ақ қазір әлеуметтік желіде күмәнді сілтемелер көп таралып жүр. Бұл да алаяқтықтың бір түрі. Фишинг — интернет алаяқтарының ең кең таралған әдістерінің бірі. Бұл тәсіл арқылы олар адамдарды жалған сілтемелерге кіргізіп, олардың логиіні мен құпия сөзін ұрлайды. Нәтижесінде, азаматтардың банк шоттары мен жеке кабинеттеріне заңсыз қол жеткізіледі.

Елімізде қауіптің алдын алуда пайдаланушыларға консультативтік және техникалық қолдау көрсететін Компьютерлік инциденттерге әрекет ету орталығы (KZ-CERT) интернет алаяқтық пен фишингке ұрынған азаматтарға жәрдемдеседі. Орталық азаматтарға алаяқтардан алданбау үшін нені білу керегі бойынша кеңес береді.

Соның ішінде Фишингтен қалай аулақ болуға болатыны ескертілді;

- Сондай-ақ күдікті хаттар мен хабарламаларға абай болу;
- Ақша талап ететін, сыйлықтар ұсынатын немесе Instagram аккаунтыңызды жою немесе бұғаттау қаупі бар хабарламаларға сенбеу тәрізді кеңес айтылды;

• Ал арнайы ескерту жасалар болса, Instagram-нан және Facebook-тен сіздің аккаунтыңыз туралы электрондық пошталар тек @mail.instagram.com және @facebookmail.com; пошталарымен келеді.

Кейбір алаяқтық хаттар алғаш қарағанда өте сенімді болып көрінуі мүмкін. Ондай хаттар ресми стильді қолдана алады және фирмалық логотиптерді қамтуы ықтимал. Құпия ақпаратты ашуға немесе құрылғыға бірдене орнатуға қабілетті кез келген әрекетті дереу орындауды талап ететін хатты көрген сәтте аздап кідіртуді ұмытпаныз.

Осыған орай «Алаяқтыққа жол жоқ» жедел алдын алу шарасы аясында тәртіп сақшылары азаматтарды сақ болуға шақырып, күмәнді жағдай туындаса, бірден «102» нөміріне хабарласуды ұсынды.

МАСҚАРА!

163 МЛН ТЕҢГЕНІ
ЗАҢСЫЗ АЛҒАН

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті жоспардан тыс тексеру жүргізіп, бірқатар заңбұзушылықты анықтады. Олардың қатарындағы QazaqGaz Aimaq АҚ-ы Түркістан өндірістік филиалы реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібін ерескел бұзғаны белгілі болған.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Анықталған деректерге сәйкес, 2022 жылғы 4 наурыз бен 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығында QazaqGaz Aimaq АҚ-ның Түркістан облысындағы филиалы өңір тұтынушыларынан газды алғаш іске қосу кезінде қосу және пломбалау үшін заңсыз төлемдер алған. Негізсіз өндірілген жалпы сома 163 545 574 теңгені құрады.

Сот әкімшілік істі қарау қорытындысы бойынша, филиал Қазақстан

Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 164-бабы 5-бөлігіне сәйкес кінәлі деп танылып, оған 16 354 557,4 теңге мөлшерінде айыппұл салынды. Сонымен қатар Департамент тұтынушылардан заңсыз алынған соманы қайтару жөнінде міндетті ұйғарым шығарды.

Реттеушінің шешімі газ компаниясы тарапынан сот тәртібімен дауланғанымен, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты талап арызды қанағаттандырудан бас тартты, апелляциялық инстанция шешімді өзгеріссіз қалдырды, ал Қазақстан



ДАМУ

Жол салу, үйге «пол» салу емес. Мұны түсінген билік бүгінде жол құрылысы сапасын жақсартуға жан салауда. Түрлі тексерістерді күшейтіп, мемлекеттік сатып алуға мұқият қарайтын болды. Нәтижесінде, шектен шыққандар шегенделіп, жүгенсіз кеткендер жөнге келгендей. Олай дейтініміз биыл Жамбыл облысында жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі 99,5 пайызға жетіп отыр. Ал елді мекен көшелері бойынша бұл көрсеткіш 89 пайызды құрады.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Әрине, тактайдай тегіс автожол жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететіні анық. Ал жол апаттарының артында адам өмірі мен денсаулығы тұрғаны белгілі. Жамбыл облысы биыл жол саласында 181 жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. Қазір 81 жоба бойынша жұмыстар атқарылуда. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мұрат Саурыковтың айтуынша, биыл өңірдегі жергілікті маңызы бар автожолдар мен елді мекен көшелерін жөндеуге 28 млрд теңге қарастырылған. Бөлінген қаржыға барлығы 181 жоба қолға алынып, 470,3 шақырым жол жөндеуден өтпек. Атап айтсақ, Тараз қаласы «Барысхан», «Бұрыл А, Б, В» алқаптарына 17,7 шақырым жол салынады. Ал 8 шақырым жол қайта жаңғыртылады. 444,6 шақырым жол (62,1 шк — облыстық маңызы бар, 50 шк — аудандық маңызы бар автожол, 332,5 шк — елді мекен

ЖОЛ САПАСЫ
ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

көшелері) орта жөндеуден өтеді. Бұдан бөлек, 8 көпір мен 2 жол өткелін салу көзделген.

Жол қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында бөлінген қаржының 4 млрд теңгесі жергілікті жолдар мен елді мекен көшелерін ағымдағы жөндеу мен күтіп ұстау жұмыстарына бағытталады. Жол активтері сапасының ұлттық орталығы 24 нысан бойынша 42 инспекциялық тексеру жүргізіп, 149 сынама іріктеген. Оның ішінде, 31 сынама талаптарға сай деп танылса, 52 сынама бойынша сынақ жұмыстары жүргізілуде. Ал 66 сынамада сәйкессіздіктер анықталып отыр.



Ең бастысы өңірде битум тапшылығы жоқ. 2025 жылы жүзеге асырылатын жол жөндеу жобаларына 30 мың тонна битум қажет болса, қазір сыйымдылығы 34,1 мың тоннаны құрайтын жеті битум сақтау қоймасында 7,4 мың тонна қор жинақталған. Әрине, бұл жанға жылу беретін ақпарат. Алайда жол құрылысы саласында әлі де болса шешімін күткен

мәселелер аз емес. Мұны аймақ басшысы да ашып айтып жатыр.

— Жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары, сондай-ақ қоғамдық көлікпен жолаушылар тасымалдау мәселелері үнемі бақылауда болуға тиіс. Жол құрылысы сапасына ерекше назар аудару қажет, себебі бұл — жол қозғалысы қауіпсіздігінің басты кепілі.

Қоғам тарапынан жолдардың жағдайы мен қоғамдық көлік қызметіне қатысты сын-ескертпелер жиі айтылуда. Осыған байланысты әрбір жағдай бойынша кері байланыс орнатылып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуге тиіс. Сонымен қатар анықталған

кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдануы қажет, — дейді облыс әкімі Ербол Қарашөкеев.

Сонымен қатар республикалық маңызы бар «Шу-Қайнар» және «Ескі Күйік асуы» автожолдарын күрделі жөндеуден өткізу өзекті мәселенің бірі болып қалауда. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды да жүйелеу қажет.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы, негізінде конкурс тәсілімен университеттің Кентау кампусы лабороториялық ғимарат 13-кабинетке жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жок болса, оған тенестірілген өзге де құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсыну отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.
5. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
6. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау сала-

сындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттары;

9. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы соманың кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) http://ayu.edu.kz сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 23.07.2025ж. (17:00), 201 кабинет.

ДОДА

1 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



Астанада бокстан әлем кубогының үшінші кезеңі басталды. Бұл – еліміздің World Boxing ұйымына кіргелі өткізген алғашқы турнирі. 30 маусым – 6 шілде аралығында өтетін дүбірлі додаға 30 елден 300-ге жуық боксшы келген. Байрақты бәсекеге дайындық барысында әйелдер құрамасы Ресей спортшыларын шақырса, ерлер құрамасы бірнеше ел өкілін шақырып, қолғап түйістірді.

ӘЛЕМ КУБОГЫ – АСТАНАДА

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ТАСТҮЙІН ДАЙЫНДЫҚ

Иә, бұл — боксшылар үшін әлем чемпионаты алдындағы соңғы дода. Спорт журналисі Қанат Байұзактың айтуынша, сондықтан Астанаға келген спортшылардың карасы көп. Әлем кубогының алғашқы кезеңі 30 наурыз — 5 сәуір аралығында Бразилияда өтті. Оған 19 ел қатыса, Польшада (12-16 мамыр) 24 ел өзара бак сынаған.

«Астанадағы ірі турнирде бірінші рет Әзербайжан, Канада, Иран, Қырғызстан, Жапония, Оңтүстік Корея, Филиппин, Доминикан Республикасының өкілдері жүлдеге таласады. Ел құрамасы барлық 20 салмақта (ер және әйел) ең үздік боксшысын қатыстырады. Олардың арасында Олимпиада жүлдегерлері мен Әлем чемпиондары да бар. Әлем кубогының екі кезеңіне тоқталсақ, Бразилияда жерлестеріміз 3 алтын, 3 қола жүлде алды. Ал Польшадағы Феликс Штамм халықаралық турниріне санаулы күн қалғанда ғана «Әлем кубогы» мәртебесін берген соң, Қазақстан құрамасы қатыспады», — дейді Қанат Байұзақ.

Бокстан ерлер құрамасы Әлем кубогы алдында біріккен оқу-жаттығу жиынын өткізді. Оған 12 елден 71 спортшы келеді деп жоспарланған. Ұлттық құрамадан бірінші және екінші нөмірлі боксшылар қатысты. Қазақстан бокс федерациясы ұйымдастырған ашық жаттығу жиынында Моңғолия боксшысы Бекнұр Қалиұлына назарымыз түскен. Ол командаластарынан 10 күн бұрын елордадағы табан тіреп, біріккен жаттығу жиынына қатысты. Оның айтуынша, Қазақстанда жоғары салмақ дәрежесінде бәсеке жоғары. Сол үшін өзі де шеберлігін шыңдауға асыға жеткен. Әлем кубогына дайындығы жақсы екенін, алдағы турнирде барын салатынын жеткізген-ді. Оған бала кезден Серік Сәпиевтің бокс мәнеріне, жоғары салмақтағы боксшылардан Мұхтархан Ділдібековтің рингтегі тәсілдеріне қайран. Ал қазір шаршы алаңда жүрген боксшылардан Абылайхан Жүсіповті, Нұрбек және Айбек Оралбайды атап өтті. Қазақша қиналмай сұхбат берген боксшыға біз де сәттілік тіледік.

Айттып-айтпай не керек, ұлттық құрама ұландарын жалпы дене дайындығы бойынша ағайынды Камочолар баптады. Кезінде Геннадий Головкинді баптаған білікті мамандар Астанаға алғаш рет келген. Осыдан-ақ бапкерлік құрам бұл турнирдің қаншалықты маңызды екенін аңғартқандай. Жалпы дене дайындығының маңызды екенін ескерсек, боксшылар масса жинап, шыныға түсті.

Ал әйелдер құрамасы Алматы маңындағы базада Ресей құрамасымен біріккен оқу-жаттығу жиынын өткізді. Күш сынасып, артық-кемді түзеген. Ұлттық құраманың бас бапкері Елдос Сайдалиев әр салмақ дәрежесі бойынша спаринг өткізген. 54 келіде өнер көрсететін Жайна Шекербекова жаракатына байланысты жарыстан босатылған. Осы салмақтағы Елена Базарова алда кәсіпқой бокстан рингке шығатын болған

соң, ол да турнирге қатыспайды. Сымбат Әлиаскар болса, Қытайда өтетін турнирде бақ сынаиды. Сол үшін Әлем кубогында 54 келі салмақта ел намысын Әнел Сақыш қорғайды. Ал 57 келі салмақта Карина Ибрагимова жаракатына байланысты турнирден шет қалып, оның орнына Айдана Сағымбекова қатысады. 75 келіде Валентина Хальзованың жаракатына



ұтты. 3 дүркін Әлем чемпионы білгенінен жаңылған жоқ, кішігірім мастер-класс өткізгендей, ақырын басып алаң сыртына оралды. Ол келесі кезеңде Азия ойындарының чемпионы, өзбек қызы Фарзона Файзоловамен кездеседі.

Назым Қызайбайдан кейін шаршы алаңда 54 келі салмақтағы Әнел Сақыш шықты. Жоғарыда Әнелдің турнирге қатысу жолы туралы толық жаздық. Сақыш қарсыласын аяған жоқ, 3 рет нокадаунға түсіріп, «турнирге қош келдіңді» өзінше айтты. Германиядан келген Татьяна Обермайер бұлай ойсырай ұтылам деп ойламады, білем. Әнелдің қолын алған соң, басын төмен салып, алаң сыртына беттеді. Ал Әнел Сақыштың келесі қарсыласы — Азия чемпионы, өзбек қызы Феруза Казакова.

Өкініштісі сол, алғашқы сессияда қыздар бастап берген жеңіс жолын жігіттер жалғастыра алмады. Қырғыз боксшысы Алмаз Оразбеков Абылайхан Жүсіповтен айласын асырды. Асырды деуге келмес, өйткені отандасымыз алғашқы екі раунд қорытындысы бойынша алда тұрған. Алайда үшінші раундта Абылайхан Жүсіповтің қабағындағы жаракаты сыр беріп, жекпе-жекті тоқтатуға тура келді. Ереже бойынша, үшінші айналымдағы Алмаз Оразбековтің соққысынан кейін Жүсіповтің қабағы қайта жарылған соң, жеңіс қырғыз боксшысына берілді. Осылайша, 70 келідегі Жүсіпов үшін Әлем кубогы аяқталды. Қос боксшы рингті тастап кеткенше, жанкүйер

Ел құрамасы барлық 20 салмақта (ер және әйел) ең үздік боксшысын қатыстырады. Олардың арасында Олимпиада жүлдегерлері мен Әлем чемпиондары да бар.

байланысты шаршы алаңға шықпаған соң, оның орнына Надежда Рябец қатысады.

Алда, 4-14 қыркүйекте Англияның Ливерпуль қаласында әлем чемпионаты өтеді. Әйелдер және ерлер құрамасы жылдың басты бәсекесін күтіп жүр. Ол үшін «үйде» өтіп жатқан турнирде топ жару керегі тағы бар. Спортшылар елордадағы әлем кубогынан кейін 9-16 шілде денсаулықты қалыпқа келтіреді. 20 шілде — 7 тамыз аралығында Алматы қаласында жалпы дене дайындығы бойынша оқу-жаттығу жиыны бар. Дайындықтың екінші кезеңі де Алматы қаласында 14-26 тамыз аралығында өтеді.

ШАРШЫ АЛАҢДАҒЫ БІР КҮН

Иә, 30 маусым күні Ж.Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында жарыстың бірінші күні өтті. Жарысты 48 келі салмақтағы Назым Қызайбай бастап берді. Данқты боксшы рингке көтерілгенше жанкүйер қолдауы тынған жоқ. Қызайбайдың бабы мен бағы қатар шауып, Канада үміті Приянка Диллонды айқын басымдықпен



наразылығы басылған жоқ. Бұған дейін 70 келіде Төрехан Сабырхан мен Абылайхан Жүсіповтің бірі бак сынайтыны айтылған-ды. Жарысқа бір күн қалғанда Абылайхан Жүсіпов қатысатыны белгілі болды. Ал аталған боксшының жеңілісінен соң, жанкүйерлер «бұрыннан жаракаты болса, неге Төрехан Сабырханды шығармады» деп әлеуметтік желіде жарыса жазды. Күні бұрын шешім туралы Төреханның өзінен сұрағанда, бапкер сөзі заң екенін, алда 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы Азия чемпионатында бак сынайтынын айтқан-ды.

Кешкі сессияда Виктория Графеева жапон қызы Тагути Аякаға, Наталия Богданова үнді боксшысы Санамача Чану Токкомға қарсы кездесу өткізді. Елордадағы бокс тойына Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов пен Қазақстан бокс федерациясының президенті Шахмұрат Мүтәліп қатысты. Екеуі де мұндай ауқымды турнирдің елімізде өткізу зор мәртебе екенін, спортшылар халықаралық аренада барын салатынына күмәні жоғын айтты. Ал жанкүйерлер болса, қыздардың жеңісіне қуанғанымен, Абылайхан Жүсіповтің жеңілісіне бас шайқап, үйіне қайтты.

«ҚАЙРАТ» – ФУТЗАЛДАН ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Алматының «Қайраты» футзалдан 21 мәрте ел чемпионы атанды. Олар финалда «Семейді» қапы қалдырды.



«Қайрат» футзалдан ел чемпионатында жеңімпаз атанды. Олар төрт ойынға созылған кездесуде «Семейді» 4:3 есебімен жеңді. Жалпы серияда 3-1 (0:1, 5:3, 4:3, 4:3) есебі тіркелді. Осылайша, турнирдің алтыны — «Қайратқа», күмісі «Семейге» бұйырды. Ал үшінші орын үшін кездесуде «Атырау» «Ақтөбеден» басым түсті. Нәтижесінде, «Қайрат» пен «Семей» футзалдан Чемпиондар лигасына қатысады.

«Қайрат футзал» — 2025 жылғы Қазақстан чемпионы! Біздің клуб 21-ші мәрте ел чемпионы атанды — бұл рекорд, бұл тарих! Осы жолда бізбен бірге болған барлық жанкүйерге алғысымыз шексіз. Сіздердің қолдауыңыз! — әрбір жеңістің негізі. Біз — Қайрат! Біз — Чемпионбыз!» деп жазды клуб әлеуметтік желідегі парақшасында.

ЕРКІН КҮРЕСТЕН 5 МЕДАЛЬ

Еркін күрестен Түркияның Коджаэли қаласында халықаралық турнир өтті. Ел құрамасы жарыста бес медаль еншіледі.



Бәсекеде 74 келіге дейін салмақта өнер көрсеткен Нұрқожа Қайпанов қарсылас шақ келтірмеді. 97 келіге дейін салмақта татамиге шыққан Ризабек Айтмұхан да турнирдің алтын жүлдесіне ие болды. Одан бөлек, Начын Куулар (70 келіге дейін), Азамат Әулетбеков (86 келіге дейін) және Әлішер Ерғали (125 келіге дейін) күміс медаль алды.

Жалпыкомандалық есепте ел құрамасы Түркияға есе жіберіп, екінші орынға ие болды. Үшінші орын Болгарияға бұйырды.

АННА ДАНИЛИНА АЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақстан құрамасының теннисшісі Анна Данилина әлемдік рейтингте алға шықты.

Қазақстанның бірінші ракеткасы әлемдік рейтингте жұп разряды бойынша тоғызыншы орыннан сегізінші орынға көтерілді. Бұл — Данилина карьерасындағы жарқын жетістік. Ол Ұлыбританияның Истборн қаласында өткен турнирде топ жарды. Жарыста ол чех қызы Мария Буозковамен жұп болды.

Айбике ЖАНАСЫЛ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАЗБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(771) 675-42-14, 8(772) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4611
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(772) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН